

А 2014

28 217к

Ақжан аа-Машани

ҒАЛАМИ

МАР

АҚЖАН ӘЛ-МАШАНИ

**КӨП ТОМДЫҚ
ШЫҒАРМАЛАР ЖИНАҒЫ**

ОН ҮШІНШІ ТОМ

Редакциялық алқа:

*Абдраман Ш.А., Әділов Ж.М., Кененбай Ы.С.,
Машанов Ә.А., Сүлеев Д.Қ., Сыдықов Ұ.С*

**«Алатау»
баспа-полиграфиялық
корпорациясы**

Алматы

2010




ЖАЛПЫ АНТРОПОЛОГИЯ

ТОМ 10

1978

100



АҚЖАН ЭЛ-МАШАНИ

ҒАЛАМИ МӨР

0024884

Ғалами мөр

УДК 297
ББК 86.38
М32

Қазақстан Республикасы
Байланыс және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитеті
“Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару”
бағдарламасы бойынша шығарылды

Әл-Машани Ақжан

М 32 Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Алатау» баспасы, 2010. 13-том. Ғалами мөр. – 320 б.

ISBN 9965-807-54-X

Жаратылыстану іліміне еншіленетін болмыстық құбылыс құпиясын ашу - адами ой-сананың он сегіз мың ғалам сырын ұғыну екендігі А.Машанидің 13-томындағы «Ғалами мөр» еңбегінде ғылыми-ислами негізінде ғибраттық сипатта баяндалады. Бұл еңбектің өзгешелігі сол, мұнда табиғат ғылымдарының негіздері мен Құран аяттары ашық түрде, есеп ғылымы арқылы дәлелденіп, көрнекі сызба-сурет түрінде беріледі.

Кітапты құрастырған және жалпы редакциясын қараған
Ш.Абдраман

ISBN 9965-807-54-X

УДК 297
ББК 86.38

© «Әл-Машани» ХҚҚ, 2010
© «Алатау» баспасы, 2010
Барлық құқықтары қорғалған

«ҒАЛАМИ МӨР» — ҒЫЛЫМИ-ИСЛАМ НЕГІЗДЕРІНЕ КІРІСПЕ

(Алғы сөз орнына)

Ақжан Жақсыбекұлы әл-Машани ғылыми ислами шығармашылығындағы шоқтығы биік еңбектерінің саналатын кітаптың осы «Алғы сөзін» жазарда – Қасиетті Құранның өркеш сүресі саналатын 2-Сиыр (Бақара) сүресінің 29-34-аяттарында айтылған мына жәйттар ойға орала береді. Адамды (ғ.с.) топырақтан жасап жан берген Жаратқан Ием пендесі үшін жер жүзіндегі барлық нәрселерді жаратып, оған біртұтас аттарды үйретеді де, тек қана Тәңірдің айтқанын бұлжытпай орындайтын періштелерін тағзым еткізеді. Сөйтіп Жаратушы ием Адамзатқа сана беріп, оларға өзі жаратқан ғалами құпияны білуге, өне бойы ізденіп, сырын танып, игерген сайын Алланың құдіретіне құлшылық етіп, оның ақ жолынан адаспайтындығын нәсіп етеді.

Осы тұрғыдан қарастырғанда назарларыңызға ұсынылып отырған «Ғалами мөр» атты еңбек бұл жыл сайын шығып жататын кітаптардың бірі емес, өзгеше дүние. Мұнда қазіргі барлық табиғат ғылымының шындық ғылыми заңдылықтарымен, сол сырларды ішіне сиғызған, исламның бас кітабы Құранның басын қосу мәселесі қойылып отыр. Әрине, бұл қойылып отырған мәселені шешу жолын анықтау адам баласының түгелдей қолынан келетін дүние емес. Оның толық сыры тек Ием – Тәңірінің ғана құзырындағы іс.

Бірақ адам баласына сол Тәңірін тануға жетерлік қабілет, сезім, ақыл-парасат берілген, елшілер жіберілген, олармен бірге көптеген мұхжизалар жіберілген, кітаптар түсірілген. Сол жолға түскен адамның, сол Иесінің мәңгілік құзырына бармақ құрметі бар. Ол жолдан тайғандарға тағайындалған жазасы да бар.

Көп мыңдаған жылдар бойы өмір сүрген адам баласы басынан талай дәуірді өткізді. Соның бәрінде адам баласының даму дәрежесіне сәйкес, соған лайықты діни басшылар жіберіліп отырды.

Біздің Ислам дінін алатын болсақ, бұл ең ақырғы дін. Адам баласының ғылыми жетілген дәуірінің діні. Өзінен бұрынғы діндердің ең керекті шындықтары Құранға кірген. Сол себептен

Ислам діні жинақталған, қорытынды дін болып табылады. Сонымен қатар ол ғылыми дәуірдің діні, Ислам ғылыми дін - ғылыми ислами түсінігі осы.

Осы бағытта қазақ милатының кіріптарлық психологиядан құтылған алғашқы қадамы ретінде, ұлы іске кірісу ретінде әл-Машани еңбегін жазып, мұра етіп кетті.

Ақжан Жақсыбекұлы әл-Машани жарғы ғасыр бойы исламның ірі ғұламасы Әбу Нәср әл-Фараби хакімнің мирастарын зерттей келе, алты күнде жарық дүниедегі адам үшін жаратылған ғаламдық дүние құпиясын толық біліп шығу мүмкін болмағанымен, оны қажетіне шақтап тануға үнемі ұмтылу, пәнидегі құлына қарыз егілген парызын өтеуге деген ниетін Ұлы бабасының қолға алған мұрасынан әр кез сезінуде болды. Мұны ол пенденің Жаратқан иенің атынан жаңылып, жолынан бұрыс кетпеу ақыл иесінің басты белгісі екендігіне көз жеткізеді. Ақаңның қаламынан туған «Әл-Фараби және Абай» (1994) атты еңбегі осы бағытта жазылған алғашқы зерттеуі еді. Сол еңбекте исламның ғылыми негіздерінен бірсыпыра соны мағлұматтар берілді. Кітап шыққаннан кейінгі 2-3 жыл ішінде Ақаң сол идеяларын жаңғырта дамытып, кеңейтіп, жаңадан көптеген тамаша, терең мағлұматтар бойынша еңбектер жазғанды. Осының бәрін бір идея арқауында қарастырғанда, дінтанудың алғашқы санаттық оқулық деңгейде ұсынуға боларлық осы зерттеуі туды.

Бұл еңбектің бір өзгешелігі, мұнда табиғат ғылымдарының негіздері мен Құран аяттары – ашық түрде, есеп ғылымы (АБЖД есебі арқылы) дәлелденіп, көрнекі сызба-сурет түрінде беріледі.

Еңбектің екінші ерекшелігі, түптеп келгенде оның құндылығы, яғни басқа дінтану зерттеулерден оқшаулайтын дара сипаты – сол ілімдерді халықтың тарихымен байланыстырыла қаралуы дер едік. Соның ішінде, әсіресе автор Тұран халқының тарихын тереңнен қозғап, көптеген құнды деректер келтіреді. Мұнымен қоса Тұран елінің кен қазу істері көрсетілген. Бұл салада Тұран елінің алдыңғы қатардан орын алатындығын аңғару қиын емес. Мысалы, тас-кола қолданған замандарда Тұран мәдениеті дүниежүзілік дәрежеге көтерілгені айқын айғақтармен айтылады. Сөйтіп қазіргі ғылым тарихында Тұран мәдениетінен қалған мұралар мол екендігіне көз жеткізіледі. Сонымен байланысты Тұран тілінің негіздері барлық дін кітаптарында, соның ішінде Құран Кәрімде де кездесетіндігін автор зор зерделікте тәнті ететін айғақ деп білеміз. Мұның бәрі, әрине, халқымыздың енесін көтеретін жаңалықтар болмақ.

Айтайық Тұран Қақпасы, Темір қазық секілді мәселелер ғұламаның жеке кітаптарында жазыла тұра, осы жолы автор ойының айнасы ретінде олардың атаулық мәні дүниежүзілік тарихи, ғылыми, діни мағлұматтар қатарына көтерілген.

Кітаптың өн бойында бүтінгі ғылымдардың күрделі мәселелерін мысал ете отырып автор, оларға аят-хадис негізінде жаңа түсініктер береді. Сол арқылы ғалым ғылымның жаңадан дамуы — ислами дәуірі келе жатыр деген пікірді қалыптастырар дәйекті дәлелдерді іріктей білген. Дей тұра кітапта көрсетілген мәселе ғалами дүниенің адами ісіндегі биік мұратының бастауы Тәңірін тануды нысана етуі, мәселе сен Құдайдың құлы екеніңді ұмытпа деген бір ауыз сөздің санада санаттық дару табиғатына арналғандықтан «Ғалами мөрдін» көтерген мәселесі әшейінде діни нанымды ғылыми негіздегі баламалық ұғымда ұялатар жолын, енді ғылыми заңдылықтарды діни қағидадан – Хақтың құдыретінен туындар көрініс беріп, танымдық деңгейдегі болмыстың жалғасы екенін көрсету нәтижесінде дәлелдеп, дәлдігін санамен ғана ұғынар танымдық беру - оқушының зор ыждақаттығымен сабақтасар даярлығын да қажет ететіндей энциклопедиялық білімдар болуын тілейтін дүние екендігін де аңғартады. Сөзіміздің дәлелін әл-Машани ғұламаның кітапқа тағылар атаулардың бірнеше нұсқасын жазған бетте өшіріп, өрісін анықтап мағынасын ашар бірнеше тақырыптарды ой таразысына салғандығын куәландырап, қара сиямен бүтінде шеті жырымдалып тоза бастаған сарғыш қағаз бетіндегі белінен бір-бір тартылып туындай өз мәнін тауып жататын кітап пен тарау аттары да куә болады. Сөйтіп ізденіс айтылар ойды айқындайтын ортақ мынандай мазмұндық тарау тақырыптарын анықтатқан: 1. «Кірісу», 2. Ғылым мен дін; 3. Айналмалы аспан, жарықты жер; 4. Торқалы тоғыз; 5. Қой жылы бас тоғыз; 6. Дана-лардан тағлым; 7. Тас мұнара; 8. Ғылым басы; 9. Темірқазық; 10. Үш арыс, 11. Ғылымның нұр шырағы.

Осындай мазмұндық тақырыптарда біріктіретін кітап атын Ақжан аға: «Ғылыми ислами негізіне кіріспе» деп атап, екі жерде мұның астыңғы жағынан жақша ішіне бірде «Дінтану құралы», бірде «Дінтану оқулығы» деп жазыпты. Кітаптың сиясы кеппеген қолжазбасын оқып шығуға маған беріп жатып та сосын, пікірлесу барысында да ауызекі мұны «Дінтануға кіріспе» деп те, «Дін және ғылым» деп те атаған еді.

Өз басым кейін, оны баспаға даярлау барысында әлденеше рет зерделей оқып шығуға мәжбүр болдым. Оқыған сайын ғұламаның

көздеген-көксеген нысанасы айқындала түсті, бұрын аңармаған жәйттардың сырына қанып қырын анықтағанда марқайған кездерім жиіледі. Сөйтіп соның нәтижесінде, кітаптың мағынасына терең бойлап бару үшін, идеясын игеру үшін мұны оқушының зерделей, зерттей отырып қайталап паракталатын кітабының бірі болатындығына күмән да келтірмеді. Сондағы ашқан жаңалығым – бұл еңбектің әрбір оқушыға, ең алдымен өз халқының ұлы бақытын мәңгілік ашуын аңғару жолын, оған адал ниетпен шындық ізденісін мезгейтін құлшыныс беретіндігі дер едім. Сондықтан да бұл кітапты қолға алғанда таза, ізгі ниетте болуы шарт, сонда ғана ғұламаның нысана еткен шынайы шындықтың шымылдығын түріп, асыл қазына кенішіне кезігеріміз талассыз.

Осы ретте кітапта «өзім білетін шындықтан асар не бар дейсің» дегізетін тақаппарлық, ондай менмендікпен «ағайындас» (кішігірім кемшілік көре сала) айтыс – тартыс туындатар тоғышарлық пиғылды парасаттыққа жеңдіре алмау да автордың ізгі ниетін түсінуге зиян тигізетіндігін арнайы айтқымыз бар. Кітапты кемшіліксіз деу қиын. Жаңадан жол ашу, тың мәселелерге бару әрине ауыр да, асулы сапармен бірдей. Ондай кемшілікке достық ниетте жөн сілтеу, түзетіп кеңейте дамыту ортақ руханияттық парызымыз болмақ.

Келесі кезекте ескертер мәселе, кітапта аят-хадистерден үзінділер келтірілуі, Құран Кәрімнің – Құдай сөзінің атауы үнемі жадында тұруы – кітапты аяқ асты етпей таза ұстап қадірлеп күтуді де есте ұстанар ескертпе дер едік. Осы ретте оқушыға алдын ала айта кететін жәйт, кітапта Құран сүрелері аттарына және басқа да көптеген діни қағида-атаулардың мазмұнына талдау жасалып, олардың сандық мәні мен санаттық мағынасын ашуға қадам жасалған да бұлардың тура болмыстық табиғат заңдылықтарының діни негізі толық ашылмапты деп талап қоюдың да артықтау болатында сөз арасында еске сала кетуді парыз тұттық. Себебі, бір кітаптың барлық оқушы талабынан толық шығуы, әсіресе Құранды қазақтың ұлттық ұғымында тәпсірлеуді бастаған ғұламаға ауыр жүк. Егер Құдай сөзі Құран Кәрімді толық түсініп немесе түсіндіремін деудің өзі күпірлік - мұсылман айтар сөз еместігін ескерсек, ондай талаптың орынсыздығын аңғарар да едік. Бұл ретте Кеһф сүресінің 109-аятында айтылғанындай Құдай сөзіне түсінік жазар болсақ оған күллі – мұхит, теңіз, көлдердегі су сыя болса жетпес еді делінуін есте ұстанған ләзім. Басқаны айтпағанда Алла жаратқан он сегіз мың ғаламның (6 мыңы өлі табиғат заттар,

6 мыңы жан-жануарлар, 6 мыңы өсімдік дүниесінің) атауын жатқа айту түгіл, бәрін білудің парыз етпеген жаратушы Иенің уахиынан тыс әрекет ету де пендеге күнә болса керек. Дана Абайдың 38-сөзінде «...Біз Алла тағаланы «бір» дейміз, «бар» дейміз, ол «бір» демелік те ақылымызға, ұғымның бір тиянағы үшін айтылған сөз. Болмаса ол «бір» демелік те «Алла тағалаға лайықты келмейді»... Ол бір деген сөз ғаламның ішінде, ғалам Алла тағаланың ішінде» деуі осыдан. Ендеше, пендесі Жаратқан иемнің жіберген уахиы тек қажетінді білуді парыз етуі осыдан. Олай болса Ақжан әл-Машанидің «Ғалами мөрі» сол қажеттілігімізді өтеудегі ұлан-ғайыр істің бастауларына жатады демекпіз.

Сөз соңында айтпағымыз кітаптың атауы мен құрылымын енгізген өзгерісіміз жәйлі.

Кітаптың жоғарыда келтірілген мазмұндық тақырыптарының алғашқы (кіріспеден кейінгі) біріншісі «Дін мен ғылым, тән мен жан» тарауының соңғы 9-тақырыбының түйіндеуі «Ғалами мөр» деп аталыпты.

Екіншіден, жоғарыда келтірілген басты тараулар дара-дара кітап сипатына лайықты мазмұндық атаулары мен суреттерден және олардың мәтіндерінің өз «Кіріспесімен» басталып отыратындығы. Іштей тұтастық сақтала тұра кітап құрылымның осылай берілуі, рухани ұстазымның нысанаға алған идеясын тарала тарқар тамырларының күресін анықтап, мұны жалғастырушыларға – дамытушыларға шығармашылық бағыт-бағдар беру ізгі ниетінен туындаған амалы болар деген тоқтамға келдік. Осы тараудың тақырыбы жазылған жолдың үстіне қара сиямен «Ғалами мөр» деп баттита жазылуы және мазмұны тізілген бетте де дәл осындай түзетудің берілуі көк сиямен жазылған бөлімді бітіріп қайта қараған кезде аға қолында қара сиялы қалам болғандығын, тарау тақырыбына тағы да сын көзбен қарағандығына күмән тудырмайды. Қолжазбаны дүркін-дүркін зерделей келе кітаптың аты «Ғалами мөрі» - он сегіз мың ғаламның айқын да айрықша ортақ ақиқатпен дараланар белгісі болуы шарт деген ойға тоқтайластым. Ол Алла тағаланың хақтығына танытар құдіретті мөрі ғой.

Кітаптың әу бастағы құрылымына енгізген ендігі бір өзгеріс 7-тарауда тұрған «Даналар тағылымды» әл-Машанидің оқушысына арналған арнайы сөзінен соң қоюды жөн көрдік.

Бұл тарауды Ақжан аға «Ғалами мөрге» еңбегін жазуға отырардан бір жыл бұрын жазған-ды. Оған Абайдың 150 жылдығына арналған «Әл-Фараби және Абай» (1994 жыл) монографиясына

арналған өзі жүргізетін «Әл-Фараби» клубының студенттерінің ниетімен өткізілген конференцияда жасалған баяндамасын негіз етіп алғандығы еді. Сол жиынға студенттерден басқа, ҚазҰТУ оқытушылары мен ғалым-профессорлар қауымы да қатысқан болатын. Сол баяндамада айтылған ой ұшқындары «Ғалами мөрдін» тарауларында дамып, көрініс тапқан. 7-тараудың осындай бағдарламалық мазмұнын ескере келіп, оны беташар тарау іспетінде алып, кітап құрылымына өз тарапымыздан өзгеріс енгізуді жөн көрдік.

Осы тұста оқушыға әл-Машани еңбегіне осындай түзету-қосымшалар енгізуге, тіпті қажеті болса еңбекті қайта қарап, толықтырып авторының санатында тұруға құқылық рұқсаты аз ағаның көзі тірісінде берген құжаттық қолхаты негіз болғандығын оқушыға ескерте кетуді жөн көрдік.

«Ғалами мөрді» оқушыға ұсынар шақта аз ағаның «Кітап бір ғана сыдыртып оқудан бәрі түсінікті бола қоймас. Оны қайталап, ойланып, есептерін шығарып тексере отырып оқу қажет. Сонда ғана мұның терең мазмұны бойға сіңеді, ойынды оятады, хақтыққа жетелейтіндігін» тағы да ескерте кетуді жөн көрдік.

Тыңнан салынған соқпақтың бұралаңсыз, бұдырсыз, қысылтаяң киін жерлері болмайды емес, жарық дүниені құрған Жаратқан Иенің құдыретіне көз жеткізу Құдай бар деп айта салу емес, оның ғалами сырына қанығу саналы ізденісті талап ететіндігі. Соған бағыт сілтер бір қырын осы кітаптан табасыздар демекпіз.

P.S. Кітаптің түйіні іспетті ғалымның мұрағатынан табылған "Ғалами мөр" деп атаған суретті ұсынып отырмыз. Бүтін кітаптің идеясын арқалайтындай осы суретті ұсынуды дұрыс деп таптық.

**Шәмшиден ӘБДІРАМАН,
профессор**

ШЫНДЫҚҚА БЕТ БҰРЫС

(Ақжан Әл-Машанидің оқушысына арнауы)

Ғылыми ислам негіздері деген ең зор күрделі мәселе екені мәлім. Оны толық түрде қамту қолдан келмейді. Бірақ сол жолға бет алып, қадам басу міндет. Осы тұрғыдан алып қарағанда біздің бұл еңбегіміз сол мәселеге кірісу ғана болып табылады. Бұл мәселені қазір қолға алып көтеруге бас себеп болып, қазіргі заманда қолға тиіп отырған бостандық шындық іздеуге жиналып отырған жоқ. Кейінгі екі ғасыр бойында Ислам мәдениетіне жол берілмеді. Халықты қазірде исламға қарсы бұрып келеді. Қадірлі оқушы, қазіргі біздің тәуелсіздік алған заманымызда сол шындықты айтуға жол ашылды.

Ендігі мақсат, сол шындықтың өзін дұрыс түсіну. Көп замандар бойында көп мәселелер жөнінде шындық пен жалғандықтың, анық пен танықтың, оң мен солдың арасын айыру қиынға соққанды. Оның өзі халықты шатастырды да. Сол себептен біз осы арнау сөзімізде осы жағын, шама келгенше анықтап, ашып алуымыз керек. Бұл мәселе газет – журналдарда, кітаптарда талқыланып жүр. Мысалы, біздің «Шалқар», «Ана тілі», «Заман – Қазақстан» т.б. газеттерде жазған мақалаларымыз бар. «Зерде» журналында да бірнеше мақала басылды. Сонан кейін бірсыпыра мәселе «Әл-Фараби және Абай» атты кітаптан орын алды. Бұл арада мәселені соларға қысқаша шолу жасап, ойды ықшамдап түйіндейміз және оны әрі қарай дамыта бермекпіз. Мәселені ислам мәдениетінен бастаймыз, өйткені қазіргі дүниежүзілік ғылымға тікелей негіз салған сол ислам екені мәлім.

Осыдан он төрт ғасыр шамаша бұрын дүниеге келген ислам алғашқы екі-үш ғасыр ішінде барлық дүниежүзілік ғылыми, тарихи, діни мирастарды тегіс қамтып өз қолына алды, барлық жер жүзі атырабына таратты. Ол өзі «Ғылымның алтын ғасыры» деген ат алды. Адам баласының көп мыңдаған жылдар бойы қолы жетпей келген және жетсе де ұмытылып кеткен көптеген зор табыстарға исламның қолы жетті, ғылымның тамаша шыңдарына көтерілді. Бір мысал келтірейік, Аруан Рашид – Ал-Мумин халифалар кезінде Жер шарының көлемін дәл өлшеп тапқан, жұлдыздардың аспандық

құрылыс орындарын дәлден анықтаған. Басқаша айтқанда, Жер мен Көктің дәлді атласын-картасын жасаған. Күн мен Түннің теңеліс нокатының аздап жылжып отыратын заңын тапқан. Аспан жолының қақпасын белгілеген. Жер бетіндегі он сегіз мың ғаламды талдаған. Оның аты жәндіктер, өсімдіктер, тастар тағы басқалары. Дәрігерлік істі жоғары сатыға көтерген. Есеп, құрылыс ғылымдарын қайта жасап, жолға қойған. Өнер саласында тамаша табыстар өз алдында. Ол жөнінде «Мың бір түн» мен әл-Фараби музыкасын еске алудың өзі жеткілікті.

Әл-Фараби заманында (IX-X-ғасыр) Араб халифаты екі жерде болды: Бірі - Бағдатта, айтылған халифат. Екіншісі - Кортуади (Испания). Дүниежүзінің ғылыми қайнар көзі осы екеуінде болды. Бұл екеуі Азиялық, Африкалық және Европалық ғылымдардың дамуына мұрындық болды.

Бұл арада бір ғана есте мықтап ұстайтын нәрсе, сол ғылымның білімнің шығуы, өркендеуі -- бәрі Құранның әсері деп білеміз. Тәңірінің әмірінсіз іс болмайды. Ту баста Аллаһ адамзатқа дүние заттарының есімдерін үйретті. Адамның басқалардан артықтығы осыдан басталды. Ол бірінші пайғамбар – Адам Ата кезі болса, Ислам ақырғы пайғамбар – Мұхаммед расул Аллаһ кезі. Сол басқы есім қайталанып, дамыған заманға лайықтанып, Құранға жиналып, біздің пайғамбарымызға жіберілген.

Құран шындығын мықтап ұстағандар ғылыми, табыстан табысқа жетті. Өйткені Құран аяттары ашықтан-ашық арабша ғаламның, табиғаттың, өмірдің сырын көрсетті. Оның бәрін талдауға шама жоқ, әрі мүмкін де емес. Бір ғана мысал келтіреміз.

Құранда 57-сүре Ал-Хадид - темір (الحديد). Осы сөздің сандық мәнін алайық: Ал=31, Хадид=26; екеуі: 31+26=57=19x3.

Мұнда 19- бас бата әріп саны: $\text{بِسْمِ اللّٰهِ الرَّحْمٰنِ الرَّحِیْمِ}$

$$19=(6)+(6)+(4)+\frac{3+2+1}{3}$$

Оны алты еселесек, болады: $19 \times 6 = 114$.

Бұл Құранның сүрелер саны. Мұнда Аллаһ есімімен басталып, алты күнде дүние, алты күнде аспан (ғарыш) жаралған. Соның барлық сыры осы Құранда деген ишарат түр.

Арабша әріп саны 28. Олардың әрқайсысының сандық мәні бар.

Мысалы, а=1, Л=30, болады: $1+30=31$; х=8, д=4, и=10, д=4; жиыны хадид болады: $8+4+10+4=26$ - темір.

Темірдің атомына электрон саны 26, сол бойынша оның (темірдің) кестедегі рет саны (санағы - 26=Fe). Ойлап қарасаныз, біздің заманымызда табылып отырған хадид - темір саны Құранда осыдан он төрт ғасыр бұрын жазылған.

Бұл арада бір ескерте кететін нәрсе - адамға Тәңірім үйреткен есімді кең түрде түсіну керек. Ол есім: зат есім, сын есім, сан есім ... деп бөлеміз. Басқаша айтқанда әріптердің дыбыстық ләбізі мен атымен, таңба – белгісімен қатар олардың сандық мәні де берілген. Тәңірім есепсіз дүние жаратпаған.

АБЖД есебі ғылымның бір кілті деп білу керек.

Темірдің осы дәл (хадит) атауы, оның Бас батаға байланысты болумен қатар, оның сандық мәні Текше Қағба санына тең екендігі. Яғни текшеден 6 жақ (бет), 8 төбе (ноқат), 12-қыр қабырға бар. Жныны $6+8+12=26$. Ол Қағба Исламның кұбыласы. Темір Қазық, ол темір тотығынан тұратын адамның қан тамырындағы қызылқанның өзегі. Демалыс-тыныс соған байланысты (гемоглобин). Темірдің ғалами ерекшелігіне қазіргі ғылым көп көңіл бөлуде. Соның бәрі Құрандағы 57-сүре аятына сай келеді. Ол ғана емес, соған сүйеніп қазіргі ғылымда жаңалық ашуға болады. Соның бәрін, Аллаһ қаласа осы еңбектен көресіз. Осы сынды көптеген тамашалар - Құран мен қазіргі ғылымды салыстырудан тұрады. Оны да осы еңбектен табасыз.

Исламның ғылыми жетістігін Европа елі алғашқыда құмарта, таңдана қарыс алған-ды. Олар өздерін исламның шәкірті ретінде қарады. Ислам ғылымдарын, әсіресе соның ішінде әл-Фараби мен Абуғали Ибн Синаны әулие тұтатын болған.

Келе-келе мұндай замана өзгерді. Ислам елдерінде өзара талас-тартыс соғыстар болды. Соны пайдалана Европа елдері ислам өркениетіне қол сұға бастады. Олар өздерінің отаршылдық-империалистік саясатын іске асыруға кірісті. Осы жөнінде ашық бір мысал келтірелік. Кордова (Испания) халифатының мәдениеті арқасында басқа Европа елдерінен гөрі Испания мен Португалия ғылымға, әсіресе темір ғылымында алда болды. К.Колумб пен Васко да Гамо Америкамен Индияға жол ашқаны белгілі (XV-XVI ғасыр).

Ислам елін жаулап алу үшін Европа отаршылары исламның тарихи-рухани негіздеріне қарсы шаралар жасай бастады.

Алдымен Мұхаммед пайғамбарға неше түрлі жала жауып, жалғаншы деп қаралады. Екіншіден, Құранды Библиядан көшірген деп бұрмаламақ болды. Үшіншіден, исламның ғылымы грек-

терден көшірме деп дәлелдемек болды. Төртіншіден, Құранның өзінде мақталмыш жиһангер, қолбасшы Абдолла Зұлқарнайынды - гректің патшасы Александр Македонский деп түсіндірді. Бесіншіден, шығыс елдерінің, соның ішінде ислам елдерінің арасына іріткі салу әдісін қолданды. Осындай арсыз жалғандықтың түсін бояп, бүркемелеп, жалған дәлелдер, аңыздар таратты. Ислам ғалымдарының табыстарын жоққа айналдырып, грек-римдік немесе европалық адамдарға иелендіретін болды. Не болмаса, индоевропалық – ирандық тектерге жапсыру етек алды. Өйткені Ирандарда А.Македонскийді өзіне тарту бар және ол да ислам дінін ұстанады-мыс делінеді. Мұның ықпалы Индия (Пакистан) елінде де бар. Сондықтан бұларды Европаға бауырластырып, исламның негізгі суниттік елдерін Араб+Тұран елдеріне қарсы қою көзделді.

Осы саясаттың салдарынан, бұдан бір ғасыр шамасы бұрын ислам елінің барлығы дерлік Европа елдеріне отарлыққа айналды. Өзінің егемендігін сақтап қалған тек түріктер ғана болды.

Енді олар ат төбеліндей түріктерді отарлап, ислам туын бір-жола құлату мақсатын қойды. Бірақ Тәңірі өзі жіберген ислам жолын өзі сақтады. Арам ойдағылар өздері талқан болып тарап кетті. Ол ғана емес. Олардың исламды қорлауынан шыққан дерті, енді өздерін буындыра бастады. Өйткені оларды бастаған өздері, оны тоқтату күші олардың қолында емес қазір. Бұл арада жәрдемді тек шындықтан іздеу керек. Ол Тәңірінің жолында, ол Тәңірінің қолында. Шындыққа бет бұрудың бас себебі осындай.

Мұнда бір еске алатын нәрсе – ғасырлар бойы үгіттеудің арқасында ислам елдерінің өзінде жабылған жалаға ілесетіндері жоқ емес баршылық. Енді қауіптің құйыны сол. Соның басын ашып алу керек еді.

Мысалы, грек мәдениетін дәріптеудің ар жағында Александр Македонскийді Олимпиалық әулиелерге ғұрыпқа апару керек. Оның аты қолдан жасалған Олимп тауына мекендеген гректердің көп құдайлық дініне қабысу деген сөз. Оның ар жағында адамды Тәңірі етіп табыну жатыр, оның сыңары этенизм жатыр.

А.Македонскийдің ұстазы Аристотель. Олимп дінін жырлаған Гомер тұр. Олардан үлгі алу неге соғалды? Осыны бір ойлаңыз! Бұл өзі оқыс нәрсе. Мысалы, әл-Фарабиді Аристотельге, Жамбылды Гомерге теңесе үлкен дәреже деп білу бар бізде. Бұл, әрине, білместіктен, еуропа орталық үгітінен туған нәрсе.

Бұл арада біз А.Македонскийдің, Аристотельдің немесе Голмердің өздерінің жеке бас пікірін сөз етіп отырғанымыз жоқ.

Ол жағын Аллаһ біледі. Біз сөз етіп отырғанымыз, солардың атымен, солар арқылы дінсіздікке апару қауіпі.

Біріншіден, Александр Македонский мен Құрандағы Абдолла Зұлқарнайын бір адам емес. Екеуі екі басқа. А.Македонский Мысыр (Египет) елін жаулап алғанда оны патша сайлап, басына қос мүйізді тәж кигізген. Сонан бастап оны Зұлқарнайын атаған. Құрандағы Аллаһның ардақты құлы Ғабдолла Зұлқарнайын. Соны айыра білу керек.

Екіншіден, Аристотель ілімін сол қалпында қараса, оның олқылығын, тайғақ жері толып жатыр. Оның бәрін әл-Фараби қайта қарап жөндеген және Аристотельді Платонсыз қарауға болмайды деген. Мысалы, Аристотельдің мантық-логика ілімінде тірек, байланыс жоқ. Пайғамбар хадисында әр нәрсенің бір өркеші бар десе, Аристотельде ол мағына жоқ. Сол себепті оны қалай болса солай бұра беруге болады. Сол себеппен Аристотель логикасына әл-Фарабидің байланыс (инпликация) түсінігін қосқаны белгілі.

Бұл арада атеистердің Аристотельді өрескел бұрмалаған бір жерін еске алайық. Ол өзінің табиғат ғылымы жөніндегі еңбектерін жинақтаған. Сонан артынан ол философиялық ойларын жазған. Оның атын «Метата физика» атаған. Оның мағынасы физикадан (табиғат ғылымдары) кейін қаралатын мәселе мағынасы болған. Оны атеистер мүлде алып тастап, метафизика ғылымға қарсы деген мағынаға аударған. Оның орнына сөзбен талас-бақаспен жеңсе болғаны, яғни диалектиканы қолдану керек деген жалған жолға салды.

Аристотелдің ұстазы Платонды алатын болсақ, сол кісі логиканы тек геометриялық құрылыс ретінде түсіну керек деген. Платон ғылымында бір нәрсені білетін болсаң, оны сызып көрсет дейді. Аристотельде ол жоқ. Ойда болсын Платон, оның ұстазы Пифагор – бәрі геометрия ілімін Мысырдан алған. Оның арғы тегі Ыдырыс пайғамбардан. Әл-Фараби ұстаған жолы сол.

Демек, әл-Фараби Аристотельден гөрі Платонға көп жақын. Сондықтан араб елдерінде әл-Фарабиді екінші Платон (Афлатон) айтады.

Жалпы грек ғалымдарын алатын болсақ, олар Мысыр мен Вавилон (Шумир) елдерінің ғылымынан тағылым алғандар. Ислам ғалымдары оларды зор құрмет тұтады. Сонымен қатар ислам ілімі Құрандағы аяттарға сүйеніп, ертедегі пайғамбардан қалған ғылымның түпнұсқасын қабылдайды. Айталық, Мысыр ғұламасы – Ыдырыс ілімдері, Вавилон ғұламасы – Ибраһим ілімдері ислам

іліміне негіз болған. Осы жөнінде көптеген мысалдар келтіруге болады. Бір ғана ашық, белгілі мысалды еске алайық. Аристотель судың қайдан пайда болғанын былай түсіндіреді. Жер астының салқын үңгірлерінде бұдан су пайда болады. Ол сулар Жер асты арқылы көлдерге жайылады, сол көлдерден көз-бұлақ сулары Жер бетіне шығады. Құранда болса дүниеде айналыс жасаушы, өмірдің көзі болған су айналыс – қайталау затты нәрсе. Көкпен жауады, Жерден өнеді. Құранда осы қағида аяттар бірнеше жерде айтылған. Оның қазіргі ғылымға дәл келетіні мәлім. Солай бола тұрса да, Аристотельдің қазіргі ғылымға жанаспайтын пікірлері Европа елінде кең орын алып келген. Айтайық, Декарт сынды ірі ойшыл адамдардың өздері де сол бағытты қолдаған. Тек өткен ғасырда ғана ол мәселе қайта қаралды. Исламда ғылым мен дін екі жеке нәрсе емес, бірге. Оларды екі айырудан зор зиян келеді. Қазір Европа елі сол екі айырудан жапа көріп отыр.

Ендігі жерде екеуін қайтадан, бұрынғысынша қабыстырып, қайтадан жаңартын ескі жолды жаңғырту керек. Соның арқасында адам баласына шындыққа жол ашылады. Төмендегі ұсынып отырған тақырыптар соған арналған. Олар мыналар:

3. Ғылым мен дін - тән мен жан;
4. Айналмасы аспан, жарықтық Жер;
5. Торқалы тоғыз;
6. Қой жылы - бас тоғыс
7. Даналардан тағылым;
8. Тас мұнара;
9. Ғылым басы;
10. Темір Қазық.

Бұлар жеке-жеке хикаяттар. Бірақ өзара байланысты бола тұра – өз алдына суреттері беріледі. Бәрі де Құран мен қазіргі ғылымның байланысына арналған. Мысалы, бірінші мақалада ғылым мен дінді екі бөліп қарау европалықтардан шыққандығы айтылады. Онан пайда жоқ, зиян көп, соны мысал арқылы ашық дәлелдедік. Екінші мақалада аспанның айналысы мен Жер беті өмірінің жалғасы Құран аяттары арқылы және қазіргі астрономия, геология ғылымдары арқылы көрсетілген. Онан кейін екі мақал (5-6) біріне-бірі байланысты уақыт есебіне, жыл басына арналған. Мұнда сол салыстыру әдісі, мысалдар, есептер.

7. Даналардан тағылым деген мақала негізінде «Әл-Фараби және Абай» кітабына негізделген. Оның халықтық бейнесі қамтылған. 8. Тас мұнарада Құранның 15 және 85-сүрелері

салыстырылған, көп жаңалық ойлар бар. 9. Ғылым басы мақалада Тәңірімнің Адам ата алғашқы үйреткен есімдері сөз болады. Жаңалық ойлар бар. 10. Темір Қазық мақаласында темірдің тамаша өзгешеліктері сөз болған. Бұл мәселе алдағы тарауларда да айтыла тұра, бұл арада соған қосымша көп жаңалықтар келтірілген. Көп мәселелер жаңаша қайта қаралды.

Көріп отырсыздар, мақалалардың ішкі байланысы өте терең. Сол себепті кейде қайталаулар да бар, пысықтаулар да бар. Бірақ олар артық емес, ширатуға жәрдем етеді, еске сақтауға жәрдем етеді.

Бұл еңбек кейін қайта басылатын болса, арнайы оқулық түріне келтірілетін болса, ондай қайталаулар қысқартылуы да мүмкін, мазмұндардың атаулары да өзгеруі мүмкін. Әзірше, осы қалпында жарық көрсе, алғашқы бастама ретінде көп пайда болар деп білеміз.

Бәріңізге Алладан пәрмен тілеуші

Ақжан әл-Машани.

ДАНАЛАР ТАҒЫЛЫМЫ

Данышпан бабалардың бұл күнде біздерге оралып келуі, оларды зерттеген адамның сіздердің осы жолдар арқылы дидарласуы, ол кісінің осы университеттің алғашқы оқушысы, сіздердің ұстаздарыңыз, батагөй ақсақалдарыңызға айналуы – өзі бір ойландыратын ырымды нәрсе.

Қазіргі күнделікті ауыр тұрмысқа қарамастан біздерге зор қуанышты, нұрлы өмір келе жатыр деп біліңіздер.

Расында, мен осы институтқа түскен кезде әл-Фараби атын естідім деген адам жоқ десе болғандай еді. Енді міне, 1125 жыл өткен соң ол кісінің бастауымен жоғары дәрежелі бабамызды танып отырмыз.

Оның үстіне бұл күнде Абайдың 150 жылдық мерекесін байтақ түрде халықаралық дәрежеде өткізуге дайындалудамыз. Екеуінің арасы мың жыл шамасы. Халқымыздың 1150 жылдық мәдени мұрасы сөз болып отыр. Кешегі надан отаршылар үстемдік еткен кезде тарихи аты жоқ, заты жоқ ел деп қорлап келген заманда біздің мыңдаған жылдық мәдениетіміз бар екенін тауып, оны дәлелдеп таныту оңай іс емес. Бұл істің мен тек басын бас-

тап отырмын. Оның зор қазынасын ашу сіздердің істеріңіз болар, кейінгі ұрпақтың ісі болар.

Айтылған еңбекте мен біраз мәселенің бәрін ашуға тырыстым. Онан басқа, онан кейінгі еңбектерде соған қосылып жатқан жаңалықтар да бар. Мысалы, «Ислам діні және кен ғылымы» атты өткен 1994 жылы шілде айында «Шалқар» газетінде үлкен мақала жарияланды. Онан басқа «Ғажайып тастар» және «Алхимия» «Қадыр түні» деген еңбектер жазылды. Осының бәрі менің ұстаған жолым, шама келгенінше шындық іздеуден туындаған. Оны қайдан табасың? Оны Құранның аятынан табасың. Онда бүкіл ғалымның сыры бар, шындық. Ол – Ғаламның иесі, Алланың сөзі, аяттар.

Абайдың “Алланың өзі де рас, сөзі де рас!” – дегені сол сөз Құран.

Құранға қосымша, оған жалғас түсінік ретінде пайғамбарымыз Мұхаммед Расул Алланың өсиет сөздері бар. Оларды «Хадис» деп атайды.

Сонымен нағыз сенімді тірек – аят, хадис. Онан кейінгі ел-өмір. Абайдың: «Өмірдің өзі шындық» (ақиқат) деген қағидасын кеңінен түсіну керек. Ал даналықтың терең ғылыми мағынасын әл-Фараби деп табамыз. Ол кісі: ту баста Тәңірім жаратқан, басқы нұрдан бастап, барлық ғалам қалай дамығаны тамаша терең ғылыми шолу берген.

Аспан жолы жұлдыз, Ай мен Күн, он екі ай жыл - түгел, жеті қат көк, он сегіз мың ғалам 6000 - Мағыдан - тастек; 6000 - өсімдік, 6000- хайуанат. Осының барлығын ғажайып шеберлікпен жаратып, тәрбиелеп, өрбітіп, дамытып отырған Ием ғана. Соның ішінде адамға өзінің ғажайып нұрынан рухани жан мен ақыл берген пендесі – адам. Сол қасиетінің арқасында ол барлық ғаламға қожа болуға лайық. Оның дәрежесі үлкен. Ол Тәңірінің жаратқан ғылымын тануға қабілеті бар. Сол арқылы ол көп істер істей алады. Өмірді гүлдендіреді. Бірақ, алмақтың да салмағы бар дегендей, адам баласы сол берген мол дүниеге масаттанып, оны бүлдіруге тиісті емес. Ол өзіне берілген өмірді дұрыс өткізуге міндетті. Аллаһ тарапынан оған берілген нұсқау бар, тура жол бар, шарифат бар, парыз бар. Соны орындауы керек. Тек сонда ғана адамдық ғалам өмірі шындық жолда болады. Олай болмаған күнде, дүние ойран болады (Абай).

Әл-Фараби өзінің «Қайырлы қала тұрғындары» атты еңбегінде халықты тура жолмен алып баратын даналардың, хәкімдердің жол басшылығы қажет деп дәлелдеген.

Абайдың 38-сөзіндегі «Адаспай тура іздеген хәкімдер болмыса дүние ойран болар еді...» деген.

Сонан кейін бұл хәкімдерден мұрат-мұсылман хәкімдер деген түсінік туындайды. Адам міндеті - аят-хадиске сүйене отырып, ғылым іздеу. Ол ізденуде Абайдың: «Адаспай тура іздеген» деп айтып отырғаны ғылым-білім іздеуге теріс жол кету қаупі бар. Адаспай тура жолды іздену үшін мұсылман иманы керек, шарифат жолында болу керек. Олай болмаған күнде ғылымның өзі ғаламды бүлдіру жолына апармақ. Біздің заманымыздағы ядролық қарулар соған мысал.

Ғылыми ізденіс жолында алдымен табиғат дүниесін танудан бастау керек. Әбу Насыр әл-Фарабидің «Табиғат – матбуғат» деген тамаша қағидасы бар. Бұл Матбуғат деген – шындық кітап шығаратын баспа орны деген сөз. Басқаша айтқанда, адамға білім-ғылым беретін негізгі оқулық табиғат деген мағынада.

Алдымен адамның өзін-өзі танудың өзі бір үлкен медресе. Бұл арада тіл білу, есеп білу - табиғат танудың басты шарттары. Дүниені тануда алдымен көру, есту қабілеттері тұр.

Көрудің ең зор көріктісі - Аспан, естудің ең жоғары әсерлісі - ән-күй. Олай болса ғылымның бастысы - аспан ғылымы ғылым. Әл-Фалак (Астрономия) және музыка. Оларды қолдан жасаған да көрікті ғимарат – құрылыс- архитектура. Кейінгінің негізгі өлшемдік ғылыми қиас хандас-геометрия- симметрия.

Сәуле мен дыбыс (яғни көру, есту) ғылыми өлшем іліміне – қандасқа негізделу керек. Сайып келгенде тіл, есеп, хандас, астрономия, музыка. Осылар негізгі табиғат ғылым салалары болса керек. Онан кейін, соларды толық меңгерген соң, адами танымға үлес қосқан ірі ғылымдар ғана жалпы дүние тану жөнінде ой-толғау – даналық жолға, яғни фәлсәфа жолына қадам жасау керек. Сондай адам ғана ғылымға жол ашады. Соларды ғана хәкім дейді. Абайдың: «Әрбір ғалым хәкім емес, әрбір хәкім ғалым» дегені сол.

Жоғарыда айтылған негізгі ғылыми салалардан әл-Фараби зор мирас қалдырған адам. Оның ғылыми мирастары барлық адам баласының кейінгі ғылыми-рухани дамуына әсер етті. Сол себептен де оны екінші ұстаз (Әл-мұғалім әл-Сани) атаған.

Әл-Фараби екінші ұстаз болғанда, оның алдындағы бірінші ұстаз кім? Ол жөніндегі ойларды ортаға салмақпыз. Біздің жағдайда көп адамдар бірінші орынға Аристотельді қояды. Соған байланысты әл-Фарабиді шығыстың Аристотелі дейді. Бұл пікір-

ді теріс деуге болмайды. Өйткені барлық ғылым саласындағы еңбектерін арабшаға аударып, олардың іздерін дамытқан адам - әл-Фараби. Араб елдерінде бірінші ұстаз Афлатон (Платон) деседі ұлы бабамызды. Ол да дұрыс, өйткені Платонның барлық ғылыми саласындағы еңбектері әл-Фарабидің қолынан өткен. Әсіресе оның геометриялық еңбектеріне әл-Фараби зор мән беріп, дамытқан.

Бір тамаша нәрсе, әл-Фараби Аристотельмен Платон арасын жақындатып, қабыстырған. Олар бірін-бірі толықтырады, ешқандай қайшылықтары жоқ деп дәлелдейді.

Сонымен қатар біздің жаңадан қойып отырған мәселеміз бар. Ол: әл-Фараби мұсылман хәкім. Ол-Иман хәкім. Бұл шындықты біз бұрын, атеизм заманында ашық айта алмадық. Енді, Аллаға шүкір, шындық іздеген заманға жеттік. Осы жөнінде ортаға салатын ойлар бар.

Имам әл-Фараби мұсылман хәкім болғанда, оның алдындағы бірінші ұстаз кім деп білеміз? Бұл арада біз шындықты ислам ілімінен іздеу керекпіз.

Алдымен Құрандағы аталмыш пайғамбарлар, әулиелер, хәкімдер әл-Фарабиге бірінші ұстаздар деп білеміз. Басқасын қойғанда, барлық ғылымды негізін салған Ыдырыс пайғамбарды ғылыми бірінші ұстаз деуге болады. Онан кейін, Қағбаның ғажайып ғимаратын салған, музыканың бас мақсатын берген Ибраһим пайғамбар ұстаз. Онан кейін Лұқман хәкім, Зұлқарнайын дихалар да бар. Қысқасы, ислам тарихында даналар әл-Фарабидің бірінші ұстаздары деп білеміз.

Осы арада біз ғылымның шығыстық және батыстық болып екіге бөлінген жапсарына келдік. Әл-Фараби нағыз сол жапсардың данасы болған. Бұл мәселені қозғау үшін ислам ілімі дүниеге келер алдында халықаралық мәдениет жайын қысқаша шолып өтелік. Ол осыдан шамасы екі мың жыл бұрынғы заман.

Мұса, Дәуіт, Ғайса пайғамбарлардан қалған дін жолдарын ұстаған халықтар, әсіресе оның басшы елі исрашылдықтар өзара жіктеліп, айтыс-тартысқа көшкен. Екінші жағынан, олардың орталығын басқа елдер жаулап алып, мәдениетін ыдыратқан. Сол кезде мәдени орталықты ұстаған грек патшалары айтылған діндерге көп жол бере қоймаған. Онан кейін көтерілген римдіктер де сол бағытта болды. Бертін келе олар ғылыми ойға да, дінге де қатты тиым салып, қудалай бастаған. Соның салдарынан көп ғылымдар Таяу Шығысқа, Орта Азия елдеріне қарай ығысқан. Ислам ілімінің алғашқы кезде тез көтерілуіне сол Рим жағынан (арабша грек-рим елдерінің жалпы аты) келген ғылымдар зор әсерін тигізген.

Әл-Фарабидің алғашқы ұстаздарының ішінде солар болған.

Сонымен қатар ислам ілімі басқа жақтан келген ғылымдарға да жол ашқан. Сондықтан ол кездегі исламның ісінің дамуына әсер еткен Ескі Шығыс елдерінің мәдениеті деп білу керек.

Алайда, солардың ішінде ерекше негіздегі мәдениет ерекше орын алады. Оның себебі, Александр Македонский жорықтарының әсері еді (2300 жыл бұрын). Оның алдында мәдени орталықтардан Иран патшалары билеп келген (Кир, Калабиз т.б.). Ираннан бұрынғы мәдени орталықты алатын болсақ, оның белгілері Шумер (Жазира) мәдениеті, кейінгі аты Вавилония (Бабыл) және Мысыр Египет мәдениетінде.

Дей тұрсақ та бізге керектісі Тұран мәдениеті – түркі тілді елдер мәдениеті.

Тұран мәдениетінің негізгі табиғи жағдайы жөнінде қысқаша мағлұмат.

Адам өмірі де, мәдениеті де, сол өзі туып–өскен жерге тығыз байланысты екені белгілі. Осы жағынан алып қарағанда, Қазақстан және онымен көршілес Сібір, Орталық Азия жерінде, мәдени дамуға өте ерекше қолайлы жағдай болған. Осы себебі дүниежүзін басқан Мұздан осы аймақтың ашық болуы.

Айталық, Солтүстік мұзды мұхит мұздағы далаға жайылып, деңгейі Омбы аймағына дейін жеткен. Екінші жағынан, Азияның ірі тауларының басындағы мұздар, Алатау, Тянь-Шань, Жоңғар, Гималай, Алтай, Саян тауларының етекке қарай созылып, Алакөл деңгейіне дейін тараған. Сол мұздардың сырғытып алып келген шөгінді тастар сақталған. Осы айтылған екі мұздың аралығы, сонау Каспий теңізінен бастап, қазақ даласы Сібір арқылы созылып, Чукотка-Аляска жеріне жалғасқан. Ол кезде Беринг бұғазы болмаған. Азия, Америка құрылық жалғасты болған. Сол жалғас арқылы көптеген аңдар, және аңшы адамдар Америка құрлығына өткен.

Онан кейін мұз еріп, топан су қаптаған. Бұл оқиға осыдан орта есеппен 30 мың жыл шамасы бұрын болған.

Сол кезде мұз қамалдардан болған адамдар таспен қаруланып, тасқа паналаған. Тас мәдениетін жасаған. Сол мұз қамалдың ортасында болған, таспен қаруланған адамдардан Тұран халықтары тараған деп білеміз. Сол себепті, біздер - кеншілер өзімізді сол тас дәуірінен қалған нәсілміз деп білуіміз керек. Ол тас дәуірі бертін келе қола, темір дәуіріне кен мамандығынан айналды. Осымен байланысты біздің тіліміз де, жеріміз де, ғұмырымыз да толып жатқан

мирастар бар, «таңбалы тастар» бар. Соны зерттеу бізге міндет. Осы жөнінде мен сіздерге бір аңызды айтайын, ол «Ат байладым абаққа». Қазіргі заманда Абақан түркі нәсілді Хақас халқының орталығы. Ол – Абақхан.

Абақ – оттық, науа, яғни айдың үйі. Сонан барлық есеп басталады. Есеп шоттың ескі түрі Абақ аталған. Бұл өзі астрономия ілімінде үлкен орын алады.

Екінші тамаша ескерткіш «Арыстанбап» (*1-сурет*). Мұнда он екі айлық және мүшел жылдық топтар үлкен шеңбер бойында кіші шеңберлермен көрсетілген. Кіші шеңберлердің сырт жағындағы сандар он екі ай – мүшел реті, ішіндегі сандар сол жұлдызға сәйкес жеті қат көктің рет сандары. Басқаша айтқанда, әрбір көк өзінің бастапқы орнында, үйінде, жағында орналасқан қалпы. Оның ішінде екі көк Күн мен Ай, бір ғана тақта. Басқа бес көктердің үйлері оңды-солды екіден. Сонымен 12 жұлдыз 7 көк орналасқан: $2+5 \times 2 = 2+10=12$.

Күн мен Айды, Құрандағы тиісті сүрелердің санаты бойынша белгіледік.

91-Шамси-Күн, 54-Қамары-Ай. Олардың айлары – мүшел жылдары және Көк реттері: Ай-1 Көк, мүшелі 4-Қоян жылы, Күн 4-Көк, мүшелі 5-Ұлу, (*суреттің асты*). Егер де осы екі ұлы шырақты екі қолдың білегі деп алсақ, бес-бестен он саусақ көктердің ретін көрсетеді. Айға бата істеп, қол жайғанда Айың тусын оңынан, Жұлдызын тусын соңынан дейді ғой. Сол ретке дәл. Жаңа Ай әрқашан он жақтан, күн батқан соң, батыстан көрінеді. Күн сол жақтан шығыстан шығады. Осы ретпен алғанда, екі қолдың бас бармақтары 2 қат көкті көрсетеді, олардың мүшел үйлері 3 және 6. Сол сияқты екі сұқ саусақ - 3- қат көкті көрсетеді. Оның үйлері - 2 және 7 мүшелер. Онан кейін екі ортан қол - 5 қат көкті көрсетеді: оның үйлері; 5 және 8 мүшелдер. Екі аты жоқ саусақ 6-қат, көкті көрсетеді, оның үйлері 9 және 12 мүшелдер. Ақырында екі шынашақ 7 қат көкті көрсетеді; оның үйлері 10 және 11 мүшелдер.

Үлкен шеңбер ортасында Темір Қазық белгілі. Оны Көк Түрік Орхон таңбасымен бердік. - Т (темір), - Қ (қазық). Екеуінен шығады: Темір Қазық белгісі. Сол Темір Қазықты тапқан адам адаспайды.

Жұлдызды аспан бойынша жол табады. Қазақты табудың ең сенімді, көрнекі белгісі Жетіқаракшы аталатыны Көк Шоміш жұлдыздар.

Көк Шөміштің маңдайындағы екі жұлдыз сызығы Күн ұясына дәл келеді. Сол арқылы сығалағанда, Темір Қазық табылады. Ол Күннің мүшелдік орындағы Ұлу жылы дедік. Ал, Ай бойынша алғанда ол арабша Асад, қазақша Арыстан. Сол арқылы аспан, аспан жолы ашылады. Ол ежелден Тұран елінің қасиетті орталығы болған. Түркістан, Арыстанбаб, Фараб (Отырар) үшеуі біріне-бірі жалғас, мағыналас, табиғи, рухани, біртұтас құрылыс. «Отырарда отыз бап», Баптар бабы Арыстан-баб деген сөзде барлық астрономия ғылымының негізі жатыр. Ойда болсын, Арыстанның Айы ғалымның, ғылымның айнасы. Бір айда, орта есеппен отыз күн тәулік. Сондықтан да айдың алатұғын орындары бақылауда, өлшеуде болған. Соған арналған белгілі орындар болған. Отыз бап сол. Ол шеңбер өлшеуші, ол садақ, жақ, аспан сызығы. Аспан 12 садақ, яғни $30 \times 12 = 360$.

Әмір Темір Отырарда қайтыс болғанда, һижраның 807 жылы еді. Отырар атының сандық мәні 807 болады. Осы санда бір ғажап бар дегенді жазған өткен замандағы ғалымдар. Қазір біздер соған бір сында мәліметтер тауып отырмыз. Оның бәрін бұл арада келтіруге орын тар.

Осы айтылғандармен байланысты 1-суретті Тұран Қақпасы атадық. Бұл қасиетті әулие орнында толып жатқан сыр бар. Сынақ бірі осы маңдағы Таудың басына Нұхтың келесі тоқтаған деген аңыз: «Басында Қазығұрттың кеме қалған, Болмаса ол әулие неге қалған...» ойлап қараңыз. Ол сонау мұз басқан дәуірдің аяқ кезі... Ол тас мәдениетін құрған заман.


Бұл ежелгі қасиетті орынды кейін жаңадан жаңғыртып, пайғамбарымыз бата беріп, сәлем жолдаған. Сонымен Тұран қақпасы Ислам қақпасы деп білу керек. Жетіқарақшы - Көк шөміш аспан сағатының ғылыми тілі секілді Темірқазықты айналуға. Ол Шөміштің маңдайы Күнде болғанда сабы Жұлдыз Шаршыда – Жылқы мүшелінде, ай бойынша Мизан – Таразы жұлдызында. Ол ғидалап таразысы. Бір ой-тегінде Күннің арабша Шамши мен Тұранның Шөміш тектес болуы ғажап емес. Өйткені ол көп мыңдаған жылдар бұрын ортақ түсінік жұрнағы болуға ықтимал.

Жұлдыз Шаршы дегеніміз 1-суреттегі үлкен мүшелдік шеңбер ішіне сызылған шаршы. Оның төрт бұрышында екі қат көк жұлдыз орыны тұр (2 және 6). Олар екінші аспан - Айқыз және 6 аспан - Шоңай. Осы екі сан $2+6=8$ ғылыми табиғи заңға соғады. Ол тұрасында айтқанбыз. Біз бұл арада тек көзге көрнекті болсын деп, сол сандарды сызық ортасына кіші шаршы түрінде көрсеттік. Ол сандардан темір тек сандары шығады:

$$62+26=88$$

$$62-26=36$$

Тұран қақпасы



91-Күн, 54-Ай

1-сурет

Осы темір түсінігімен байланысты тағы бір еске алатын нәрсе ортадағы Темір Қазықпен байланысты үшкілді қараңыз. Оның шеңбердегі екі басында 5-аспан. Оның тегі Темір. Сонымен Темір үшкіл шықты. Оның бұрыштары:

$$15^{\circ}+150^{\circ}+15^{\circ}=180^{\circ}=15(1+10+1) \text{ темір}$$

Тас бұрыш (15-сүре. Ал-хижир-тас).

Мұның өзі мүшел бұрышқа тең:

Темір Қазық, ал Құранда Ал-Хадид 57-сүре. Ол 19-бас бата-786. Құранның сүре саны, 6-ғалам саны. Жүрегінді соқтыратын, тыныс алатын қызыл қан өзегі сол темір. Барлық ғаламдағы жұлдыз тек заттар ішіндегі ауыр металдар тұрақтысы да сол темір. Абай сөзі еске түседі:

*Қара жер адамзатқа болған мекен,
Қазына іші толған әр түрлі кен.
Ішінде жүз мың түрлі асылы бар,
Солардың ең артығы қайсысы екен,*

– деп Абай жұмбақ сұрақ қойып, оған «темір» деп жауап береді.

Ойлап қаралық – сонау тас мәдениетінде де барлық ғылымның айналыс кіндігі деп, Темір Қазық деп таныса, соны Абай нығайтады... Темірдің Тәңірі тарапынан да, аспан құрылысында да жүректе тұрғанын көрдік... Соның бәрін бұл күнде ғылым дәлелдеп берді. Тамаша мұғжиза осында, жоғарыда айтылған Абақ түсінігі де осында. Ол пайғамбарымыздың hijра сапарымен байланысты. Оның негізгі Шаян-Қоян түсінігінен келеді. Ол Айдың үйі. Ол Шаян, басқаша атауда қышқаш. Арыстанбаб пен қатар қышқаш бап ол - Ай мекені. Оның арабша аты Ал-Саратан. Оның даңғылы Мекке мен Медина арасында. Ойлап қараңыз қандай ғажап, Абақ сол даңғылдағы белгі - оттық. Ол арабша мұғалаф=220. Оның саны:

220 – фараб ғұлырад, санына қосар болсақ, яғни

$$284 \pm 220 = \begin{cases} 504 \\ 64 \end{cases}$$

50+14=64. 14 - оттек саны (оттық, Абақ).

Қысқасы, Тұран мәдениеті ерте туып, кеш қалды деу ге болады. Соны көрсету мақсат.

Осымен байланысты халқымыздың ертеден келе жатқан бір аспан жұмбағын көрейік: «Екі емен, жеті терек, алты қайың. Басында жапырағы бәрі дайын. Бір шынар, үш қарағай, бір жалғыз тал Баршасын айта беріп не қылайын».

Шешуші: Екі алып – Күн мен Ай, жеті терек - Жеті қарақшы. Алты қайың – алты Үркер. Бәрінің айналасы толған жұлдыздар - дайын - жапырақтар. Бір шынар бұл ғалам Кіндігі - Темір Қазық. Үш Қарағай - Таразы - Мизан. Жалғыз тал - Таң Шолпан. Одан әрі баршысын айта беру қиын.

Осы айтылғандарды айыра білсек, аспан ғылымына жол тапқанымыз болмақ. Ойлап қараңыз. Осы жұмбақтың мазмұнын Тұран қақпасымен салыстырып көріңіз. Тамаша терең сәйкестік бар. Екі емен – екі бап, екі білек. Сонда Көк шөміш Жетіқарақшы маңдайы. Ол шөміштің Мизан – Таразының ілінуі, Шынар Темір қазық сол жыл басын айыратын, Айдың Тоғыс орны «Екі батыр соғысты. Ай мен Үркердей тоғысты» деген жыр бар.

Жоғарыда келтірілген 1-суретке қосымша 2-суретті ұсынамыз. Мұнда он екі мүшелдің белгісі ретінде ертедегі Көк Түрік - Орхон таңбаларын пайдаландық. Басқаша айтқанда, жыл аттарының бас әріптерін Орхон таңбасымен бердік. Бас әріптері бірдей жыл аттарымен сол таңбалардың екі түрі, сәл икемделіп берілді.

Мысалы, жылан жылды дегенде біріншіге –жыланға сәл ұқсас таңба алынды. Ал жылқыға «Ж» әрпінің ат тағасына ұқсас түрі алынды. Бұл таңбаларды таңдауға белгілі ғалым Алтай Сәрсенұлы Аманжолов болысты. Осы таңбалардың тамаша үйлескен жерлері де бар. Мысалы, Темір Қазық таңбасы таңбаларын жалғастырғанда нақ магнит тіліндей, таңба шығады. Екінші бір тамаша нәрсе–Мешін жылына алған Орхон таңбасы шығыс елдеріндегі адам бейнесіне дәл келеді. Тауықтікі тізбектеліп ұшқан құсқа келеді (тауық). Ол да дәл. Екі мүйізді сиыр таңбасы да дәл келеді. Осыдан келіп, Орхон таңбалары аспан іліміне байланысты шыққан болды ма деген жорамал оқушыға туындатады. Осы үлгіні сақтап, дамытуды ұсынамыз.

Мүшел таңбалардың ішкі жағында солардың көктер таңбасы қойылған. Ол таңбаларды біз қазіргі астрономия ғылымы бойынша алдық. Тек, сәл түзетулер енгіздік. Сол түзетудің мәнін біз ол көктердің ертедегі әл-Фараби, әл-Бируни заманындағы түрлеріне келтірдік. Ал қазіргі ғылымдағысы оларды европалықтардың сәл де болса өзгерткені. Яғни олар сол таңбалардың бас-аяқтарын креш кескінмен тұйықтайды. Тегінде ол да отаршылдықтың бір көлеңкесі болса керек (салыстырып қараңыз).


Бұл суретте біз жоғарыда айтылған қол таңбасын (айға бата істеген) жайылған алақанға байланыстырдық. Екі білекте Ай мен Күн. Қалғандары саусақтарымен белгіленген. Суреттің астына мүшел мен көктер тізімі берілді. Онда байқаңыздар, Ай мен Күннің мүшел мекені бірден байқалады: Айдікі 4-мүшел Қоян. Күндікі 5-мүшел Ұлу. Бұлар екі білек, екі емен. Қалған бес саусақтың мүшел мекендері екіден Айқыздікі: 3-6 (Барыс-Жылан) т.б. Шолпандікі: 2-7 (Сиыр-Жылқы), Арайдікі: 1-8 (Тышқан-Қой), Шоңайдікі: 9-12 (Мешін-Доңыз), Санжардікі: 11-10 (Тауық-Ит).

Тұран қақпасының осы екі бейнесін көне мәдениеттің үлгісі ретінде ғылым тарихына кіргізілсе құба-құп болар еді. Мұның өзі айқын көрнекі мысалдар болмақ.

Енді Ескендір жорықтарының әсеріне қысқаша тоқталамыз.

Гректердің орталық мәдениет орындары да сол ескі мәдени

Он екі мүшел - Он саусақ



2-сурет

орындарға ауысқан. Мысалы, Египетте ғылыми орталық Александрия болды. Кейінде Румия-Византия болды.

Ислам ілімі дүниеге келгенде ғылыми әсер еткен ғалымдар сол орталықтардан шыққандар еді. Осымен байланысты Ескендір Зұлқарнайын есімі Құрандағы есіммен қатар жүреді. Сол бойынша айтылған шығыс ақындары екі Зұлқарнайынды шатыстырып, өздерінше әдеби қаһарман жасады. Ислам ілімінің дүниежүзілік жалпы даму заманында ондай қаһармандар пайтасыз болған жоқ. Бертін келе, батыс елдері дамып, ислам елінен қуат кете бастағанда, Зұлқарнайынды тек қана Александр Македонский түрінде танып,

Құрандағыны сыртқа тастап, барлық ғылыми - рухани мирас гректерден деген; сол арқылы тек батыс Европа ғана адамдарға жол басшы деген өте үстірт ұғым, өзімшіл жаңсақ қағида пайда болды. Бұл кереғар идея шығыс елін, сонымен қатар ислам елін жаулап алуға бағытталады. Сөйтіп олар енді екі мың жылдан бұрынғы Ескендірді қаһарман етуді көкседі.

Абайдың поэмасын Ескендірге арнауы осы жағдайдан туып еді. Өткен XIX ғасырдың аяқ кезінде Европа елдері бүкіл шығыс елдерін, тегіс жаулап алуға жақындады. Барлық мұсылман елдерінен тәуелсіздігін сақтап қалған тек Түркия болды. Оның арты кешегі Батысты ғылымға көзін ашқан ислам мәдениетінің мың жылдық әсерін өшіріп, мәдениет пен ғылым да, діни тарихта қайта қарау тәрізді қиянатқа әкеп соқтырды.

Сондағы Европаның келіп тоқтағаны барлық мәдени, ғылыми негіздердің бастауы тек гректерден-римдерден, батыс Европада болып шығады да, басқа елдер мәдениеттен тыс қалғандар болып танылады. Осы тұрғыдан әрине Ескендір Зұлқарнайын олардың басқыншылық жолындағы бас қаһарманы, әулиесі болып табылады.

Грек-Рим мәдениетінің әсері. Александр Македонский Ескендір жөнінде Абайдың: «Осы жұрт Ескендірді біле ме екен?» атты жырын оқып ойлаңыздар. Абайдың алдындағы Фердауси, Низами, Науан сияқты шығыстың ірі ақындары Ескендірді мадақтаған Абай оларға қосылмай Ескендірді басқыншы, қанқұйлы бейнесінде сипаттайды. Осында не сыр бар?

Бірінші адасуға себепкер Зұлқарнайын—(қос мүйізді, тәж киген) деген сөзді әр түрліше түсінуде болып отырған тәрізді. Құрандағы Зұлқарнайын Абдолла данышпан, әулетті қолбасшы, саяхатшы ғылым ретінде сипатталады. Екінші жағынан Ескендірді (Александр) де Зұлқарнайын атаған. Оның себебі Александр Македонский гректің атақты патшасы, қазіргі жыл санаудан 330 жыл шамасы бұрын Египетті—Мысырды жаулап алған. Ол елде ертеден келе жатқан әдет бойынша таққа отырған патша басына Қошқар (қос) мүйізді тәж кигізу рәсімі болған. Олардың әулиесі Амон Күн баласы болып саналған. Соның орнына барып, сол әулие ізімен Аммон баба аты мен Қошқар мүйізді тәж киген. Осыдан бастап, Ескендір (Александр) Зұлқарнайын атанған. Онан кейін ол Вавилония (Шумер) елін, Иранды, Орта Азияның көптеген жерін өзіне қаратты.

Осылайша ертеден келе жатқан мәдени орталықтар грек империясының қолына көшкен. Осы себепті барлық ғылыми мұра грек тілінде сақталған. Грек ғалымдары осынау ескі мұраны – (шығыс пен батысты) едәуір дәрежеде игерген, дамытқан. Олар өздерінің бұрынғы ғылымдарының Мысырдан, Вавилониядан алған мирастарды сол грек түрінде танытқан. Мысалы Фалес, Пифагор, Платон сияқты ғалымдардың шығыстан әкелген мирастарын, сол адамдардың өзінікі деп таныған.

Грек мәдениетінің өрлеп тұрған кезінде олардың тұтынған діндері олимпилік деп аталған. Оның қысқаша мағынасына Олимп тауы аспандық жұлдыз құдайлардың мекені деп тануы. Олардың ең бас басшысы Зевс аталған. Оның бізше аты Шоңай, арабша Муштари.

Сол алтыншы аспан Әулиесі, Шумерше аты Мардук, римше, латынша аты Юпитер, 1-2 суреттерде оның мүшелдік орындары 9 және 12 - Мешін және Доңыз. Яғни Тұран Қақпасының маңдайшасы. Кавказ-Қырым тәрізді таулы грек жеріндегі Олимп тауы олардың тәңір мен мекені болып саналған. Жеті қат көк, басқа жұлдыздардың қатысы сол таудың басынан болған бұйрықпен орындалады деген ұғым болған. Ол аспан денелерінің -тәңірлерінің өз арасында және адамдар арасында әр түрлі қатынас, талас-тартыстар болған. Соның бәрі аңыздық жыр ретінде «Иллиада» және «Одиссея» атты поэмаларды жиналған. Оның авторы Гомер болып саналады. Оның өзін Европа елдеріне грек мирастарын жеткізген Ислам ғылымдары. Соның ішінде Пифагор, Платон, Аристотель, Евклид сияқты ғалымдар еңбегін Европаға танытқан әл-Фараби.

Гректердің ел билеген басшыларының олимпи дінін дана ойшыл ғалымдар, хақимдер қабылдай қойған жоқ. Мысалы, Соқратты сол үшін қинады. Пифагор және оның жолын кұғандар да бақылауда болады. Бұлар дәлді ғылым - геометрия арқылы дәлелденбеген босқа ой жотаға - Гомер жырына еліктеген жоқ.

Батыс Европа Олимпи дінін ресми түрде қабылдасамаса да оны өздері жоғары дәрежелі үлгі еткені анық.

Ислам ілімі арқылы тараған ғылымды Европа әрі дамытты. Бірақ бұл істе сыңар жақтылық болды. Бірінші сыңар жақтылық, ғылым мен дін исламда бірге, қатар жүретін болса, оны Европа екі айырып, ғылымды діннен ажыратты. Осының салдарынан адамзаттық рухани дүниесі зор зардап шекті, ойран болып, жапа шекті.

Екінші сыңар жақтылық - бүкіл дүниежүзінің, ондаған мың жылдар бойындағы дамытқан ғылыми-мәдениетін дінін аядай

грек мәдениетінің аз уақыт дәуірлеген аясына сиғызам деп шата-су. Шындыққа жүгінсек бүкіл адам баласының өмірін алғанда грек шеңбері соның он бөлігінің бір бөлігі де болмайды. Сонда басқа тоғыз бөлік ескерусіз қалудан адам баласының тынысы тарылмай қайтушы еді!

Түбінде шындық жеңбей қоймайды. Мәдениет орлеген сайын, ғылым дамыған сайын ескі мәдени мұралардың беті ашыла бастады. Осы ретте мысалы Шумер мәдениетін алайық. Ал - Жазира - Месопотамия аталатын үлкен өлкені осыдан 7000 - 6000 жыл бұрын мекен еткен Шумер (Сумер немесе Кенгір) атты ел болған. Олар бертін келе, басқа елдермен араласып Вавилония, Ассирия (Бабыл) атында болды. Олардың жоғарғы мәдениетті болғаны жанадан ғана белгілі болды. Сол ескі мекеннің мәдениеті туралы ертеден келе жатқан кітаптар да бар. Меккеде Қағбаны салған Ибраһим пайғамбар, сол Бабылдан шыққан адам.

Сол ескі мәдени орындардағы құлаған қалалардың орнын қазғанда онан тас тақтаға жазылған көп жазулар, тас кітап жинаған кітапханалар табылған. Олардың әріптері үшкіл таңбаға негізделген. Саз балшық бетіне үшкіл тақта таңбамен жазылып, оны кейін отқа өртеп күйдірген. Сонда тас – қыш кітап болып сақталған. XX ғасырдың бас кезінен бастап сол Шумердің үшкіл таңбалы тас кітаптарын оқу басталды. Оған жол ашқан таңбалы тастар болды. Бір тарихи мәселені екі-үш тілде жазған таңбалы тастар табылды. Мәселен Шумер-Ассирия-Иран тілінде жазылған таңбаларды салыстыра оқып, Шумер тілін түсінетіндей кілт табылды.

Қазіргі ғалымдардың зерттеуіне қарағанда сол Шумердің тілі ертедегі Тұран тіліне жақын екендігі байқалады. Бұл мәселені біздің жастарымыз келешекте қолға алуы керек. Шумерлердің белгілі атауларында мынадай ортақ сөздер бар: Тәңірі, Марту (Мардук) деген сияқты. Бір таманасы Шумерлердің ай аттарында, Шумер мүшел аттарында біздікімен ұқсастық байқалады. Гилгалет атты бір поэмасында Өгіз хан жырына ұқсастық көрініп тұр.

Мысыр (Египет) мәдениеті жөнінде да осы сынды жақсылық көп. Әрі ғалым-ғұлама хакім – пайғамбар Ыдырыс барлық ғылым саласында зор мирас қалдырған.

Гректердің ғалымдары ашты деп жүрген мәселелер сол ертедегі Мысыр мен Шумер (Вавилон) мирастарынан шығып отыр.

Ойда болсын, Ыдырыстың да, Ибраһимның да арғы бабалары Тұран мәдениетімен байланысты болған.

Меккедегі Қағбаны салған Ибраһимның сол жердегі әйелі Ажар (нажар) анамыз мысырлық. Демек, осы орталықтар адам баласына ортақ деп білеміз. Сол себептен де біз «Әл-Фараби және Абай» кітабында Ыдырыс пен Ибраһим, Ғабдолла Зұлқарнайын мәселесін көтердік.

Құранда айтылған ғадалаттығы Қазар Ғабдолла Зұлқарнайын мен Ескендір - Зұлқарнайын мұнда мүлде басқа жандар. Бұл екеуінің арасын дұрыстап ашып алу керек. Абайдың ескертіп отырған мәселесі осы.

Бұл күндерде Адам баласы шындық жолға бет бұрған кезде - көптеген мәселені қайта қарау қажет болып отыр. Біздің өз халқымыздан шыққан даналарды танудан бастап шындық іздеудің мақсаты осы деп білуіміз керек...

Әл-Фарабидың ғылыми мирастарын табу, тану оңайлыққа түскен жоқ. Оны оқушы өзі аңғарған. Ол кісінің 1100 жыл бойында өзінің туған жерінде белгісіз болып келуінің өзі сол отаршылдық саясаттың салдары екені белгілі. Бізге әл-Фарабиді тура түсініп, оны Европалық сыңаржақ бұрмалаудан тазарту мақсаты тұр. Оны біз «Ислам хакімі» деп тануымыз керек.

Оның арғы жағында соның барлық ғылыми мирастарын шындық жолмен, аят-хадистерге сүйеніп талдау деген мәселе тұр.

Абай өзінің даналық сөзінде: «Адаспай тура іздейтін хакімдер болмаса, дүние ойран болар еді» деген. Одан әрі дана Абай бұл хакімдерден мұрат – мұсылман хакімдері делінген. Бұл жерде Абай пікірін жандандыра болсақ әл-Фарабиді Ислам Хакім деп тануын, сонымен айналысуымыз керек. Біздің мақсат әл-Фарабиді де, Абайдың өзін де Ислам хакімдері деп тануымызда. Мақсат осында.

Бұл бағытта бізге нақты сенімді адастырмайтын тіректер керек. Олар айтылған аят-Хадис, онан кейін нағыз адал таза ниеттен табиғат дәрісін зерттеу, бақылау, өлшеу, онан кейін жалпы дәлді табиғи ғылымдардың мәнді шындық табыстарына сүйену. Осының бәрі бір жерден келіп шыққан, ең асыл шындық сонда, сонан айырылма. Осы ретте біреу мысал: «Бисми Аллаһ ал-рахим Ал-Раһим»

Мұнда 19 , олардың жалпы сандық мәні АБЖД бойынша $168+319+289=168+618=786$; Осы он тоғыз санында құранда ғылыми биік мұғжиза бар деп Пәкістан ғалымы Ахмад Дидат кітап жазған (1980 жылы). Ол есеп машинасын қолданып, Құрандағы белгі ретінде қойылған әріптерді есептеп, солардың он тоғыз саны-

на еселес келетінін анықтады. Соның ең бір бас түрі Құранда сүресаны 114, ол болады тең он тоғыздың алты есесіне: $19 \times 16 = 114$.

Бұл зор мәселе, оның жалғасына кейін оралу керек. Қазір біз Европа ғылымының атеизмге қалай барғанына және оның неге соққанына тоқтала кетпекпіз.

Атеизм Олимпи дінінің жалғасы. Гректердің дәуірлеген кезіндегі тапқан діні - Олимпилік болса, Европаның дәуірлеген кезінде тапқаны – атеизм деуге болады.

Шариғаты мен ғылыми мағрифаты бірге болған ислам ілімінің діни түсінігін сыртқа тастап, ғылымын ғана бөліп алған жерде соның ақыры дінсіздікке соғатыны белгілі жәйт. Дінсіздіктің бастауын олар дініндегі өздерінің кейбір жаңсақ түсінген, шала жерлерінен бастады. Христиан және Исраил діндеріндегі ондай олқылықтар Исламда талданып, түзетілген, дамытылған. Бірақ оған олар құлақ асқан жоқ. Соның салдарынан Европа елдерінде ғылым мен христиан діні арасында қайшылық туды. Осыған бірер айқын мысалдарды еске алайық.

Осыдан 450 жыл шамасы бұрын Европа ғалымдары исламның жоғары дәрежедегі астрономия ғылымымен тапысып, соны Европа тіліне – латыншаға аударып қолдана бастады. Ислам ілімінде ғылымның басқы нұрдан тарлғаны, оны – он екі мүшел жұлдыз тобы болғаны, жеті қат көгі бар екендігі айтылады. Олардың барлығы өз жолымен айналыста екені жеті қат көктің орғасында Күннен, басқалары оның айналасындағы айналып жүретін нөкерлері екені айтылған, жазылған, бақыланған, өлшенген, дәлелденген және аят-хадиспен толық сәйкес фатуамен бекітілген.

Айталық, бұл мәселе сонау Әл-Хорезми, Әл-Баттани, Әл-Фараби, Әл-Беруни, Әбу Али Ибн Сина, Меруази, ат-Туси, Ұлықбекке дейін дамыған.

Христианның діни кітаптарында ғаламның қозғалмайтын орталығы Жер деген түсінік бар. Демек, бұл ғылымға қайшы келеді.

Арабша астрономия негізінде жазылған кітаптар Европада «Жаңа астрономия» атымен шыға бастады. Соның алғашқысының авторы белгілі ғалым Николай Коперник (1473-1543) болған. Оны әрі қарай дамытқандар - Иогани Кеплер (1571-1630), Галилео Галилей (1564-1642).

Шіркеудің қарсылығына қарамастан ғылыми-табиғи шындық дами берді. Мұни атеистер өздерінің жалауы ретінде көтермелеп, табиғат ғылымы дінге қарсы жол ашты деп ұран көтерді.

Шіркеу тарапынан «Жана астрономияны» қудалау басталды. Н.Коперник ерте өліп кетті. Одан кейінгілер қудаланады. Ислам астрономиясын жақтаған, аспан зерттеуде әл-Фарабидің ойыс айна аспабын қолданған Г.Галилей шіркеу сотына тартылды.

Европа ғалымдарының ол еңбектеріне Ислам елдері, әрине, ешбір қарсы болған жоқ. Өйткені олар үшін бұл астрономия ілімін дамытудың табиғи жолы еді.

1973-1975 жылдары Н.Коперниктің 500 жылдығы, Берунидің 1000-жылдығы, И.Кеплердің 400-жылдығы, әл-Фарабидің 1100 жылдығы, бәрі қатар, бірінен соң бірі өтті. Осы жылдарда, сол халықаралық мерекелерде біз осы мәселені көтердік. Н.Коперник еңбегі - Жер Күнді айналадысы - Күн орталық пікірі ислам үшін жаңалық емес дегенді дәлелдедік. Ол кезде, біздің жағдайда, яғни атеизмнің үстемдік кезінде мұны айту оңай болған жоқ. Әрине, бірақ ісің-ақ болса Аллаһ жақ, қудалау көрсек те міне, есен-аман қазір осы шындықты «Аллаға шүкір сіздерге жеткізіп отырымыз».

Осы сынды біртартыс әл-Фарабидің музыкалық жаңалықтарын Европа елдеріне таратуда болды.

Дыбыстарды үндестік бөлшектерге бөлу – ноталарға бөлу ерте заманнан келе жатқан нәрсе. Ноталардың қатынастарын шығаруда Пифагор заманынан келе жатқан қағида бойынша, алғашқы төрт санның қатынастары қолданылатын болған: $1/2$, $2/3$, $3/4$ және солардың әртүрлі жалғастарын қолданған мысалы:

$$\left(\frac{8}{9}\right)^2 = \frac{64}{81} \text{ немес оның шаршысы: } \frac{4}{3} \cdot \frac{2}{3} = \frac{8}{9} \text{ тағы басқалары.}$$

Нота қатынастарына бес (5) санын қолдануға тиым салынған.

Ол кездегі Пифагорлық көзқарас бойынша бес саны өте киелі аспан саны – жұлдыз саны. Ол кезде (бесбұрыш - пентагон) түрінде

тұмар етіп қана қолдануға болады деген қағиданы қолданған.

Әл-Фараби өзінің үндестік ноталар ретін санатқа қосқанда, бес санын негізге алған. Мысалы, $5/4$ – бас нота Шолпан нотасы. Оны аспан әншісі, Таң Шолпаны, оның күні жұма болып алынған. Ол Шолпанның үйі (мекені) – (Мизан) – Таразы. Ол пайғамбар жұлдызы. Музыкалық өнердің жоғары сатыға көтерілуінде әл-Фарабидың жаңалығы орасан әсер көрсетті. Осыған байланысты

ол кісі домбыраға (Лютняға) бесінші шек тақта, бес сызық нога жасады.

Ақын Мағжанның: «Тұранның кім кеміткен музыкасын Фараби тоғыз шекті домбырасын» деуі осыдан. Бұрын төрттік Пифагор нотасы жоғары-төмен болып $4 \times 2 = 8$ сегіз болса (октава), соған әл-Фараби бір шек қосып, бестік нота құрды. Бұл бүгінгі нотаның бастауы болды.

Осы жаңалықты белгілі Италия музыканттары Ж.Царлина (1517-1590) т.б. қолданысқа айламен енгізген. Ислам жаңалықтарын ғылымға, өнерге кіргізуде ол жаңалықтар гректерден қалған деген сылтау жасағандар да болған. Мысалы, әл-Фараби көп еңбектерін өзі басқа адамдардың атымен алып келген.

Қазіргі кезде мұндай өрескел қателер түзетіле бастады. Мысалы, әл-Фараби еңбектерінің ғылымға пайдаланған Г.Галилейдің бір кезде шіркеу соттаған болса, бұл күнде сол шіркеу – Ватиканның оны ақтауы христиан дінін ақиқат деп мақтаудың жәй-күйінің қандай екендігін көрсетсе керек.

Осы сияқты түзетулер мұнан әрі қарай да бола бермек. Соның ішінде ең бір күрделісі, біздерге ең керектісі өз халқымыздың адам тарихында алған орны және соған сәйкес келешекте алатын орнын түсіну. Оның аты – Тұран мирастарын зерттеу.

ТҰРАН МИРАСТАРЫ

Тұран Қақпасы – Аспан қақпасы - ғалам Қақпасы Абайдың Ескендірге: «Бұл Құдайға апаратын қақпа, саған ашуға рұқсат жоқ» дегенін осы Қақпа мағынасында түсінеміз.

Мәселені бергі жерден алар болсақ, қараңғыда қармалудан шындық табылмайды. «Хақиқатта, дін тереңінде» деген Абай қағидасына үңіліп алмай, олар бергідегі, жалғандыққа шырмалып, іздену істің шындығын жігерімізді рәсуалау қаупін төндірді. Ондай апатты басымыздан кешкен де едік, кешудеміз. Мәселен, гректердің қолдан жасаған құдайлары Олимп тауынан шыққан деп, осы күнге дейін сол жерден әкелетін «алауға» бас иіп келуіміз осының салдары.

Бұл ретте Құрандағы ғидалаттың қаһарманы Ғабдолла Зұлқарнайынды тану керек. Ол күннің шығысынан батысына дейін

барып, ғаламды айналған дана. Сол саяхатында ол тілін түсіну қиын болған, өте көне мәдениет елдерінде болған. «Мазлұмға жаны ашыған» адам, тегінде оның өзін адам тарихына жалпы ишарат ретінде түсіну керек. Оны Тәңірінің ғидалатты таразысы деп білу керек. Абайдың бір сөзінде бар ғой:

*«Келдеден мойын кесілсе,
Кесілді түйін, шешілсе,
Ол да құдай пендесі,
Түспей кетер дейсің бе,
Тәңірінің құрған төзіне».*

Біздің заманымызда кеселгі түйін шешіліп, шындық іздеу жолы ашылды.

Мәселені ретімен бастайтын болсақ, шындықты алдымен сонау мұз басқан заманнан бастау керек. Адам баласы өзін-өзі сақтап қалу үшін, мәдениетке жету үшін қырық мың жыл бойында күресіп келеді. Ал, біздер өзіміздің өміріміздің тарихымызды көп болса 1-2 мың жыл, онан кейін 1-2 ғасырмен ғана шектемекпіз. Шалалық осында.

Мұз қорғанның ішіндегі кең алаңда – Қазақстан жерінде, Тұран жерінде адамның алғашқы мәдени қадамы басталды. Алғашқы қару, алғашқы құрылыс, табиғи, тарихи, рухани, діни түсініктер сол кезден бастап дамыды.

Осыған байланысты біздің жерімізде, ғимаратымызда, әдет-ғұрпымызда, тілімізде, дінімізде, әдебиетімізде, толып жатқан қазына байлық бар. Мысалы «Жезқазған», «Қалба», «Қорғасын», «Темірші», «Алтын тапқан», «Сиялы», «Жосалы», «Тандырлы» тәрізді қоныстар атауына назар аударыңыз. Олар өзінен-өзі мен мұңдалап тұр емес пе? Сөйтіп, Тас-Қола қолданған дәуірде, он мыңдаған жылдар бойында Тұран жері дүниежүзінде алдыңғы қатардан орын алған.

Біздің аңыз-әңгімелердің көбісі сол кездегі жоғары мәдениетімізбен байланысты. Соны талдап түсіну керек. Айталық: «Өгізхан», «Қозы Көрпеш - Баян сұлу», «Ертөстік», «Алпамыс», «Манас», «Алыптар», «Қырық өтірік», «Абақ» сияқты аңыздар жұлдыз тарихына байланысты, жоғарыда айтылған Тұран Қақпасына келіп соғады. Соған байланысты, туындайтын келесі жыл қайыру, мүшел есебі, жаңа жыл мейрамы т.б. толып жатқан әдет-ғұрыптар.

Отырарда отыз, Бабтардың бабы Арыстан бап делініп келетін мирастар ше! Ол отыз күннің, айдың есебі еді ғой, аспан ілімінің

әліппесі ғой бұл. Сол он екі мүшел — ай аттарына, жеті қат көк аттарына байланысты арнайы алынған мағадандар: тастар, металдар, минералдар және бар. Бір мысал: «Тазсыз түрік болмас, Бассыз берік болмас» деген. Бұл нені көрсетеді? Ахмед Иассауи басындағы беттегі сәулесі тас «Жеңіс тас» деп атаған. Әріп-таңба көк түрік белгілері шыққан. Мысалы жұлдыз аттары, тастар, металдар, дәрі-дәрмектер, қарулар, тағы басқалар. Солардың сырын ашып, зерделеп халқымыздың санасына жеткізу – біздер үшін зор дәрежелі міндет.

Осылар жөнінде кейбір мысалдарда жазған кітаптарымызда келтірдік. Мысалы, «Әулие үшкіл», «Абай саны» деген сөздер. Ойлап қараңыз...

Тұран қақпасындағы келтірілген мәліметтерді талдап қарасаңыз, талай тамаша қазынаның кілті жатқанын түсінуге болады.

Ғылыми түсініктерді, тарихи атауларды қарастырғанда алдымен солардың ата-тегін, Тұран тілімен қарастыру керек. Әр елдің тіліне жалтақтай бермей, күні бұрын тәуелді болмай, алдымен өз тіліңнің асылын қолдан. Басқа тілдер көп атауларды бізден алған. Соны түсіну керек. Мәселені осылай қойғанда ғана біз өз тіліміздің асылын таба аламыз, оның дәрежесін көтере аламыз. Әркімнің тіліне жетім қозыша түртіне берумен іс бітпейді. Бұл, әрине, қазіргі заманның мәдениетінен без деген емес. Керісінше, сол атаулардың арғы тегін тауып, соның бізден шыққанын, немесе бәрімізге ортақ екенін тауып, соларды халқымыздың бойына сіңіру.

Қорыта келе айтарымыз, қазіргі европалық бағыттағы ғылыми түсініктердің шындық тегін тану біздің міндетіміз. Осы жөнінде мысал келтірелік.

Құранның аяттарында, хадистерде айтылған Ыдырыс пайғамбардың есімімен байланысты тамаша Мысырлық түсініктерді, қағидаларды, заңдарды европалықтар Пифагор атына жапсырады. Ал Пифагор болса, білімді Мысырдан үйренгені мәлім. Соны көре, біле тұра біз оны қалай қабылдамақпыз? Ол болмайды. Оның тамаша үшкілін, оның заңын Мысыр үшкілі, Масалас Ыдырыс үшкілі, Ыдырыс заңы деп жүргізуге міндеттіміз.

Екінші мысал «Абақ» түсінігі, соған байланысты. Онымен есеп ғылымы, ай есебі, қоян есебі, мүшел есебі, әулиелік қатынас есебі байланысты. Ол біздің ежелгі «Ат байладым Абаққа» атты жырда аңызда айтылатын тамаша ғылыми түсінік. Табиғи заң. Оны европалықтар Фибоначчи атына жапсырған. Егер Фибоначчидің

1204 жылдарда араб медресесінде – Мысырда, Алжирде оқып, есеп кітабын арабшадан латыншаға аударып, кітап етіп шығарғандығын ескерсек мәселені түсіну қиын емес. Атын «Абақ» - қойған. Демек, оның бәрі Ислам ғылымдарынан әл-Хорезмиден, әл-Фарабиден алынған. Оның өзі Тұран мәдениетімен байланысты (Абақан – хақасия орталығы екені есте болсын). Бұл арада біз өзіміздің ежелгі ата мирасымызды басқа жаққа бұлтартуға көне алмаймыз. Бұл арада да шындық керек.

Тағы бір мысал әл-Фараби мирасына байланысты. Жарық сәуле тараудың заңын дәл берген, ол жөнінде ойыс айла жасаған, шұғыла заңын берген алғашқы адамның бірі – әл-Фараби. Оның ол еңбектері латын тіліне аударылып, XII ғасырда Еуропаға тараған. Европаның ғылыми өрлеуіне бас себеп болған. Мұнда да Европалықтар қазір өздерінің кейінгі ғаламдарына; Н.Коперникке, И.Кеплерге, Г.Галилейге, Левангукке жапсыруда. Оны да біз көре тұра, айтпай қалай отырамыз.

Дүниежүзіне екінші ұстаз болған, ғаламға тағлым берген ұлы бабамыздың біздер мұрагері екенімізді есте ұстайық. Демек, ол бабаларымыздың мұралары жол соқпаларға оңай олжа болуға тиісті емес. Мұндайда бізге, ошақтың үш бұтындай сүйенері бар үш тірек.

Олар:

- 1) Құранның сөзі – аят-хадис;
- 2) Тұранның сөзі – көне мәдениетіміз, қазыналы ана тіліміз.
- 3) Қазіргі дәлді табиғат ғылымдарының деректері.

Осы үшеуі бір жерде шықса, сол нағыз шындық болғаны. Соған айырылмау керек.

Әл-Машани. 17.IV.1995 жс.

ҒЫЛЫМ МЕН ДІН - ТӘН МЕН ЖАН

Терең мағынасында, түпкі табиғи мағынасында алып қарайтын болсақ, ғылым мен дін бір ғана зат. Бірінсіз бірі өз алдына өмір сүріп, дамып алысқа бара алмайды, мақсатқа жете алмайды. Ғылымның сенімді тірегі – дін, діннің қуатты дәлелі – ғылым.

Тірексіз, дәлелсіз адамдық өмір жок. Бұл күнде барлық адам баласының, соның ішінде біздің халқымыздың алдында тұрған ең басты мәселе осы. Хақиқатты өмірдің осы қағидасы бұзылса адам

баласы апатқа ұшырамақ. Сол апатты өзінің басынан кеше ғана кешірген біздің халқымызға өмірдің адамдық - хақтық - шындық жолы өте қымбат, ол өте зәру, қажет болса керек. Өйткені, ол бізге адам айтқысыз сұрапыл қырғыннан кейін оралып отыр.

Осыларды еске ала келіп мен, сол апатты бастан-аяқ бастан өткізген адам болғандықтан, исламның негізінен және ғылымнан аз да болса хабарлар болғандықтан, осы мәселені көтеруді өзіме бір зор міндет санадым.

Осы, көтеріліп отырған мәселемен жарты ғасырдай шұғылданудамын. Соның бір қортындысы ретінде «Әл-Фараби және Абай» атты еңбек жазылды (*Алматы, «Қазақстан», 1994*). Ол кітап оқырман қауымға белгілі. Ол жөнінде көзқарастар да айқындалып келеді. Жетпіс бес жыл бойында атейістер бұғауында болған, онан бұрын көп заман отаршылдар қол астында болған халық үшін бұл еңбектегі қозғалған мәселе, әрине, бірден түсінікті бола қойған жоқ. Онан шошығандар да болды, тамсанғандар да болды, ой түйгендер де болды. Алайда, ел емеспіз бе, ел ішінде ерекше бағаланып, бұл кітаптің аса жоғары құрметке ие болғандығын көрдік. Бұл әрі тарих, әрі ғылым, әрі дін, деп пікір жазғандарды көрдік. Тағы біреулер бұл кітап абайтануға қосқан құнды үлес дегенді айтады. Солардың ішінен абайтанудағы тың дәлелге жол ашылғаны айтылды да, бір мысал «Абайды құр сөзбен ғана мақтап жүр екенбіз, танып болмаған көрінеміз, дүмшеміз-ау біз, сірә, деуімізге тура келді!» (*«Қазақ әдебиеті», №2, 13 қаңтар, 1995, Ақтау қаласы, Ыбырай Сүйінұлы*).

Абай мирасына мен өз басым бала кезімнен қанық екенім белгілі. Менің бабам Машан Абайдың әкесі Құнанбаймен замандас, дос, сүйек жақындығы болған. Қарқаралыдағы мешітті Құнанбаймен бірге салысқан Машан болған. Оны халық біледі. Сол мешіттің түзелуіне сіңірген еңбегіміз үшін олар, Қарқаралы имамдар мені Құнанбай мешіті рухани кеңесіне құрметті мүше етіп сайлады. Қарқаралының қасындағы Қоянды жәрмеңкесінде біздердің әкелеріміз Абай мен Шәкәріммен жыл сайын кездесіп, өлеңдерін әкеліп отыратын. Абайдың жүз жылдығына (1944-45) арнап менің жазған еңбегім бар. Оның табиғаттанушы, философ, ғалым ретінде тануым сонда басталған. Бірақ онда Абайдың мәселесі жетімсіз еді. Абайтанудың дәлді, дәлелді, ғылыми талдауы тек әл-Фараби еңбектерімен танысудан соң ғана мүмкіндік алдым. Оның себебі өзінен-өзі айқын: аят пен хадисқа сүйенген хақ жолындағы дәлді, дәлелді ислам ғылымы болмасы әл-Фараби

де, Абай да даналыққа жетпеген болар еді. Осы жөнінде бір ғана нәрсені еске сала кетелік.

Бүкіл ғаламды құраушы бес тек бар және олардың бес түрлі түзумен көмкерілген көп жақ бейнесі бар. Әл-Фараби өзінің еңбегінде осы ежелгі қағиданы қолданған, талдаған, дамытқан. Осымен байланысты барлық ғылым саласында ең негізгі, дәлді, дәлелді әдіс хандас - құрылыс өлшемдес қияс (геметрия – симметрия) ғылымы деп білген. Ол қағиданың негізгі табиғат дүниесінен алынған. Сонымен қатар бұл Құраннан табылып отырған.

Мысалы, Құранды жұлдызды аспан адамның мекен-жайы, жер оның төсек-бесік орыны деген. Онан әрі қарай жыл ішінде он екі ай (мүшел жұлдыз тобы) бар екені, оның ішінде қайталап айналып отыратын жеті қат көк бар екені, Жер де сондай құрылысты екені айтылады. Онан әрі қарай Жердің құрылысы, оның тіршілікке орын болғаны, оның көктермен байланысы - бәрі айтылады. Онан кейін тастар, минерал заттар, металдар, өсімдіктер, жануарлар айтылады. Адамның табиғи пайда болуы, өсуі, өркендеуі, дамуы – бәрі толық талданып берілген.

Осы, кейінгі мәселе жөнінде француз ғалымы Морис Букелден сөз келтірейік. «Сауд Арабынан шыққан сексен жастағы мұсылман сөзін мен ешқашан ұмытпаймын. Құранда көбею жөнінде не айтылған?» – деген менің сұрағыма ол былай жауап берді: «Бұл кітап бізге осы мәселе жөнінде түк қалдырмастан толық мағлұмат (информация) береді. Мен медреседе оқып жүрген кезімде біздің ұстазымыз Құраннан алып, баланың қалай пайда болатынын түсіндірген болатын. Демек, сіздердің баланың сексуалдік пайда болуы жөніндегі кітаптарыңыз «азырақ кешіккен» – деді. Автордың араб қартының «азырақ» деген сөзін тырнақшамен беру себебі, қалжың ретінде, өйткені Құран сөзі шамалап айтқанда он төрт ғасыр бұрын болған.

Табиғаттың ғажайып ғалам құрылысында және ең ардақты, ең күрделі тамаша құрылысты мүшесі адам болған себепті бұл мәселе толық талданып, бірнеше жерде айтылған. Осы айтылғандарды ғалымның кітабынан оқуға болады (*Морис Букел, «Корон и современная наука», Казан, «Иман», 1993, яғни Құран және қазіргі ғылым*). Бұл кітапта ғылым, тарихының, діннің бірсыпыра мәселесі қаралған.

Мәселен, ол араб ғылымының қойылған сұраққа жауабын берген. Егерде оған жалпы ғылым туралы Құранда не айтылған десе ол айтар еді: –«Бұл күн деген барлық ғылымның негізгі Құранда

бар, яғни қазіргі ғылым тек он төрт ғасырдай ғана кешігіп келіп отыр» – дер еді.

Әл-Фарабиге оралайық.

ҒАЛАМИ БЕС ТЕК

Бұл мәселені мен «Әл-Фараби санаты» атымен 1968 жылы жариялағам («Білім және Еңбек», №8). Оны қысқаша мазмұнын кесте түрінде келтіреміз. Кесте басқы тектердің аттары: от, жел, су, жер, жұлдыз және олардың құрылыс бейнесі: от - төрт үшкіл жақ (Ж), Жел - сегіз үшкіл жақ, су - жиырма үшкіл жақ, Жер - алты шаршы жақ (текше), жұлдыз - он екі бескүл жақ. Қос жақ бұрышы (β). Олардың ноқат төбелері (Т) және сызық - қыр - қабырғалары (К) санмен берілген.

№	Бес тек	Бейне мүшелері					Жақ бейнесі
		Ж	Т	Қ	S		
1	От	4	4	6	14	70°32'	үшкіл
2	жел	8	6	12	26	109°2'	үшкіл
3	су	20	12	30	62	138°11'	үшкіл
4	Жер	6	8	12	26	90°	шаршы
5	жұлдыз	12	20	30	62	116°31'	бескүл
		50	50	90	190	524°45'	3+4+5=12

Осы бұл бес тек пен бес бейне ежелден келе жатқан Тәңірінің жаратқан ғаламының бір тамаша тылсым кілті деп білу керек. Әзірше ойда болатын нәрсе, Ыдырыс пайғамбар барлық ғылымның негізін салған. Сол кісінің бір нысыпы аты Маслас болған, яғни үшкіл деген сөз. Бейнесі құрылыстың қандай түрі болса да оны үшкіл деп құрауға болады. Өйткені жазық (Жақ) – бетті сызу үшін үш ноқат қажет. Басқаша айтқанда, үш ноқат арқылы тек бір ғана жазық бет - Жақ сызуға болады. Барлық құрылысты бейнелердің, заттардың ең кіші құраушы бөлшегі үшкіл. Үшкіл құрылыстың атомы деуге болады. Барлық ғаламның құрылысын ғылыми зерттеген адамға Үшкіл Маслас деп ат беру өте тамаша нәрсе. Сол Маслас (Ыдырыс) елінен ғылым іздеп, тағлым алған грек ғалымы Пифагор өз еліне келіп, геометрия ілімін таратқаны белгілі. Соның


Маслас (Ыдырыс) елінен ғылым іздеп, тағлым алған грек ғалымы Пифагор өз еліне келіп, геометрия ілімін таратқаны белгілі. Соның ізін қуған Платон Афинада бақша ішіне медресе ашып, оның атын Академия деп атаған. Сол Академия қақпасында: «Кімде – кім геометрия білмесе мұнда кірмесін» – деген жазу жазылған.

Платон еңбегінде судың молекулалық өрнегі берілген делінеді. Ол жазған: Бір бөлшек отқа қосқан екі бөлшек жел, тең бір бөлшек суға. Келтірген кестедегі үшкілдерді теңелік: От - 4 үшкіл, жел - 8 үшкіл. Онан шығады: $4+8 \times 2=4+16=20$ су - 20 үшкіл (жақ). Үшкілдің атом бейнесі деуіміз осыдан. Ыдырыс есімі осында, құрылысты ғалам сыры осында айтылған. Тектер тегін, оның бейнесін әрі қарай зерттеген әл-Фараби. Әл-Фараби -Платон еңбегін жоғары бағалаған. Енді *3-сурет* кестенің Құрандағы сырына келейік. Он екі ай мен жеті қат көк ғалами құрылыс деуге әбден болады. Осы екеуін қоссақ: $12+7=19$. Оны камалат - толық ондық түрінде алсақ болады – 190, яғни айтылған бес ғалами тектің бейнелік мүшелер жиыны бұл. Ойлап қараңыз?!

Бұл он тоғыз санына тағы бір жеті (жерлік жеті) қоссақ, болады: $19+7=26$.

Жиырма алты, яғни темір саны. Темір ол текше формалары, жертектес зат. Құранда оған арналған 57 - сүре ал-хадид. Арабша хадид – темір, оның сандық мәні $x=8$, $d=4$, $y=10$, $d=4$, жиыны болады: $8+4+10+4=26$. Басқаша айтқанда, біздердің қазіргі замандағы тауып отырған темірдің электрон саны реттік саны жиырма алты (хадид) Құранда 14 ғасыр бұрын берілген. Екінші жағынан мұндағы тағы бір тамаша нәрсе айтылған сүре Құранның дәл ортасында. Құранда барлық сүре саны 114 болса, 57 ал хадид соның қақ жартысы $57 \times 2=114$.

Мен өз еңбектерімде осы жөнінде жазғанмын. Сонымен байланысты айтылған тектес кестесінде осы жиырма алты және оның айналық сынары екеуі кезектесіп келеді дегенді кейінде «Табу» кітабымда бастан аяқ талдағанмын (1978 жылы). Бұл мәселе мен үшін тастардың кристалдық бейнелерін талдауға арқау болды. Мысалы мынадай мәселеге келейік. Айтылған бес бейнені әр түрлі тұрғыдан қарап аударыстырсақ неше бейне шығар еді? – деген сұрақ қоямыз. Оны былай шешеміз. Дақ сандар: бірлік (Т) - төбе және үштік - Жақ (Ж) бірінің орынын бірі алады. Сызық - қыр болса ол екі басты, оңды - солды. Демек оның саны екі рет алыну керек. Сонда жалпы жиыны шығады: $50+90 \times 2=50+180=230$.



Осы санатты сөздерде, сандарда терең мағына жатыр. Осы әріппен берілген араб тілі. Құран барлық ғалами сырды ішіне алған зат екені есте болсын. Алдымен әріп саны: $4 \times 7 = 28$, беделді сандар. Олар айлық, күндік болып екіге бөлінген. Онда да мағына бар.

Арабша сан деген сөздің сандық мәні болады: $ғадд = 78 = عداد$; яғни үш темір саны: $26 \times 3 = 78$, немесе $13 \times 6 = 78$. Осымен бас бата санын қосамыз: $786 + 78 = \{864 = 54 \times 16 = 108 \times 8 = 432 \times 4$. Ғаламның дәуір саны, Ал-Қамар = Ай сүресі (54). Қосай хақ саны $54 \times 2 = 108 = حق$

$$\text{Айтылған екі санды қосамыз: } 78 \pm 28 = \begin{cases} 106 = 53 \times 2 \\ 50 \end{cases}$$

53 - Ал-Нужым (жұлдыз) сурет, 50 - Қалайы - Шоңай металы, т.б. толып жатқан тамаша мағлұматтар келтіруге болады.

1-2-суреттер тығыз байланысты. Оларды қатар қойып қарау керек. Бірінші суреттегі басқы бестік бейненің мғылымда белгілі теориясы бар. Оның өрнегі мынау: $Ж+Т=Қ+2$. Яғни жақтар сандары мен төбе санына қосқан екі (2). Бұл өрнекті біз ноқат есебімен мына түрге келтірдік. Жақ үш ноқат ($Ж=3$), төбе - бір ноқат ($Т=1$), қыр екі ноқат ($Қ=2$).

Демек, $3+1=2 + (2)$ немесе:

$$+0 = 0 \text{---} 0 + 2$$

Бәрін бір жаққа жинақтағанда болады:

$$+0+0 \text{-----} 0+2=6+2=8,$$

Яғни бұл геометриялық бейне мүшелердің басқы саны алты: $Ж+Т=Қ=3+1+2=6$. Екіні алатын болсақ ол жалпы табиғат дүниесінің жұптық – егіздік (жауза) қасиеті. Мысалы, ол екіні бір таяқ деп алсақ; оны жерге қағып айналасына алты санын жазсақ болады тығыз – берік құрылыс. Өйткені әрбір ноқатты орталық етіп алып, оның айналасына түзу алты үшкіл бұрыштары $60^\circ \times 3 = 180^\circ$ орналастыруға болады, яғни:

$$\frac{360^\circ}{60^\circ} = 6$$

Тегінде Құрандағы дүние алты күнде жаралған деген сөз, он тоғыздың алты есесі Құранның сүре саны болуы – ($19 \times 6 = 114$) соған ишарат деп білеміз.

Есте сақтауға жеңіл болу үшін қазақтың Алты Алаш, Алаша хан деген қағидасын сол мағынада ұғуға болады. Айнала халқы Алты Алаш, ортасында Алаша хан.

Арабша алты сат – керісінше оқысақ тас, ол да есте болсын. Бір тамаша сол, алтының сандық мәні (сат=400 - ست көрсетіліп, суреттегі өлшемдестік мағынасына дәл келеді. Яғни, $2(50+90 \times 2) = 2 \times 230 = 460 = 360 + 100$. Сол тектер тек кестесінің өзінде екі мен алтының айналық түрінде орын алғанын көрдік қой. Яғни темір тек 26.....62.

Айтылған алты саны исламның бес фарызына: соғады, яғни $460 = 92 \times 5$.

Арабша бес фарыз (фаруз – көпше түрі) болады фаруз=1086=فروض

Арабша жиырма деген сан $626 = 313 \times 2$ عشرون (ғишрун). Ол екі еселенген Қағбаның қара тасына тең: 313 الحجرأسود (Ал-хажар асуд).

Жиырмаға алтысанын қосамыз: $626 + 400 = 1086 = [26]$. Яғни фарыздар мен жиырма мен жиырма алты сандас. Ойда болсын, қызыл қанның өзегі - гемоглобинде жүрегінде соқтыратын зат хадид - темір (26).

Барлық дүние ғаламында темірдің алатын орыны ерекше. Ол жөнінде кейін тағы айтылады. Әзірше айтарымыз жиырма алты саны темір=хадид саны болумен қатар ол Жер тек бейнесі - текше, ол Қағба бейнесі. Текше ең берік қиас - симметрия бейне.Тегінде симметрия ұғымын темірмен байланысты алынған деп білеміз: (М+Т-Р, Т-М-Р) мұнда дауыссыз үш әріп орындары ғана ауысқан. Ғаламның өлшеуші темір деген мағына туады. Айтылған Алты Алаш, Алаша хан мағынасымен текшенің тамаша байланысы Құранда берілген.

Бал ара ұясының тамаша өрнегі 16-сүреде бар. Сырттан қарағанда текшенің алты шаршы бетін ара ұясының алты жақтауына сәйкес деп білуге болады. Өйткені текшені төбесінен тік шанышқанда оның үш шаршы жағының алты қыры ара ұясына ұқсас болып көрінеді. Сол көріністе терең сыр бар. Араның алты қырлы ұясының ішкі бөлмесі - түбі текшенің ішкі орталық үшкілдерінен құралған. Яғни ұяның бөлмесі үш ромбыдан тұрады. Оның бұрыштары: $109^\circ 28' + 70^\circ 32' = 180^\circ$, яғни текшенің ішкі - орталық бұрышы. Оны осы арада көрсете кетелік. Текшенің қыры бір болса (1), оның шаршы бет кергіші, көлемдік кергіші $\sqrt{3} = \sqrt{1^2 + 1^2 + 1^2}$

$$\text{Онан шығады: } \sin 35^\circ 16' = \frac{1}{\sqrt{3}} = 0.577$$

Демек: $35^{\circ}16' \times 2 = 70^{\circ}32'$.

Ара ұясының осындай тамаша құрылысты бейне екені араб ғалымдарына Құран арқылы ертеден белгілі. Мысалы «Мың бір түнде» ара былай дейді: «Грек ғалымы Евклид менің үйімнен үлгі алса көп жаңалық табар еді».

Қазіргі замандағы ғылыми зерттеу бойынша ара ұясының осы құрылысы ең берік, ең ішті, ең тығыз, ең үнемді болып табылып отыр. Құранда араға ұя салуды және Ибраһим пайғамбарға Қағбаны (текшені) салуды Тәңірі өзі уахи еткен (16 және 19-сүрелер). Олардың осындай ғажап сырлары бар. Айта кетелік: Ара Ал-Нахил. Оның сандық мәні болады: $31+88=119$

Бұл сан һандас (геометрия) санына тең: $حانداس = 5+50+4+60=119$. Бұл арада тамаша ишарат бар деп білу керек. Оны тіпті былай жазуға болады: $31+(26+62)=119$ немесе $19+47+53$.

3-суретте қосымша берілген тағы бір – екі мағлұматтар бар. Оның бірі Ыдырыс Үшкілі Маслас = 1070-ماسلاس. Оның айнала жақтау қырлары: $3+4+5=12$, бұрыштары: $36^{\circ}52' + 53^{\circ}8' + 90^{\circ} = 180^{\circ}$. Оның ішіне сызылған шеңбер өрісі бір (1). Жоғарғы бес тек бейнелері мен мұның байланысы ол бейнелердің жақ бұрыштарының сандарымен Ыдырыс үшкіл жасау сандары бірдей: $3+4+5=12$. Осы үшкілдің үш жағына үш шаршы сызылды. Олар болады тоғыз - $(3 \times 3=9)$, он алты $(4 \times 4=16)$ және жиырма бес $(5 \times 5=25)$ ұялы. Олардың байланысы $9+16=25$, немесе оны Ыдырыс саны деп атап, былай жазамыз: $9+16+25=50$. Бұл қалайы; алтыншы қат көктің - Муштаридың - Шоңайдың металы. Оның тамашасына Аллаһ қаласа кейін ораламыз. Айтылған шаошылардың ұяларына сәйкес сандары қойылған. Олардың қою әдісі тапқырлықты керек етеді, өйткені олардың жиыны қай бағытта санасаң да тұрақты сан болу керек. Ол тұрақты сандардың өрнегі мынау:

$$\frac{n(n^2 + 1)}{2} = C \quad n = 3 \text{ болса: } \frac{3(9 + 1)}{2} = 15;$$

$$\frac{4(10 + 1)}{2} = 34, \quad n = 4 \text{ болса}$$

$$\frac{5(25 + 1)}{2} = 65, \quad n = 5 \text{ болса}$$

Бір тамаша ишарат олардың жиын саны Құранның сүре санына тең: $15+35+65=114=19 \times 6$.

Ойлап қараңыз, он тоғыз бас бата саны?! Есеп ғылымында

бұларды ғажайып шаршылар дейді. Біздің ойымызша оның ғажабы $13 \times 5 = 65$ - Асад (Арыстан бап). Мұны кейін қарастырамыз.

Екінші бір ғажап нәрсе – бейнелердің құрылыстық мүшелерінің сандық мәндерімен айтылған Маслас (үшкіл) сандарының дәл шығуы.

Тектер бейнесінің мүшелерінің аттарын арабша жазып, соның сандық мәндерін көрейік:

Жақ=Ж=516 - مستوی (Мастуй жазық);

Төбе=Т=159 - نقطه (Ноқат);

Қыр=Қ=609 - خط (хат-сызық).

Жиыны: $Ж+Т+Қ=[\Delta]=1284$.

Онан шығады: $\frac{1284}{1070} = \frac{6}{5}$ Бұл бір ғажап қатынас.

Онан шығады: $\frac{5}{6} = 0.833 = \text{tg} 39^\circ 48'$

Онан шығады $39^\circ 48' - 19^\circ 28' = 20^\circ 20' = 1220' = 610 \times 2$.

$19^\circ 28'$ - Текше (Қағба бұрыш). Есте болсын, 610 жылы пайғамбарымызға алғашқы пайғамбарлық уахи келген жылы жарылқаған жыл; 570 - туған жылы, $570+40=610$ - пайғамбарылық келген жыл.

Кестенің (суреттің) басында Жауһар хамс - пешене жауһар деген сөз тұр. Ол барлық ғаламның табиғи негізі деген мағынада. Абайда *хамза заһри* делінген. Батыс елі оны латыншадан алып квинтэссенция (quinta essentia) атайды. Бірақ оларда оған арналған сандық мәні жоқ.

Осы жауһар сөзінің сандық мәні 214, ол Маслас үшкілінде: $1070=214 \times 5$. Сонымен қатар ол айтылған бас үшкіл бейнесінде $214 \times 6 = 1284 = [\Delta]$ - ғалам алты күнде жаралған мағынада соғады. Бұл мәселенің барлық ғаламдық мазмұны өте терең. Ол - пайғамбар нұрына келеді. Оны былай жазып қаралық: $19 \times 6 + 47 + 53 = 114 + 100 = 214$. 7 - Күміс, Ай металы, 53 - ал-Нұжым - (жұлдыз немесе Ахмад).

Осы санды пешенелік қиас санына қосамыз:

$$230 \pm 214 = \begin{cases} 444 = 74 \times 6 = 222 \times 2 \\ 16 \end{cases}$$

222 - инсаф - انصاف - ғадалат. Арабша төрт өлшем: арбаг киас=273+171=444. 16 - бал ара, немесе 162=256 – Нұр. 107 – қыз (قر) арабша, қазақша жібек. Оны парлаудан – жаузадан шығатындығы айтылған жауһар: $107 \times 2 = 214$. Нұрдың тоқтағаны топырақ - жақ. Соған 54 - Ал-Қамар (ай) санын қосамыз, болады: $516 + 54 = 570 = 19 \times 30$. Каміл сан - ондық - عشر (570), пайғамбар туған жылы.

Бұл суретті аяқтау үшін айтылған инсаф санына бір оралайық. Ол өзі ғалами сан мағынасында - Күн мен Түннің теңеліс нокаты аздап жылжып отырады. Яғни тоғыс жаңа жыл наурыз мейрамы 25705 жыл ішінде бір айналып шығады. Оның аты арабша тахул=444=تحول. Осы санды мына түрде жазуға болады: $400 + 40 + 4 = 4 (100 + 10 + 1)$. Яғни абжад (АБЖД) есебіне дәл келеді. (2-суретті қараңыз). Басқаша айтқанда бәрі қырық санына, пайғамбарлық санға келеді. Оның арабшасы бәрі қырық санына, пайғамбарлық санға келеді. Оның арабшасы Арбағун=اربعون, сандық мәні 329 - Ал-рахман. $329 - 40 = 289$ - Ал-рахим. Яғни ғаламды жарылқау үшін жіберілген (М=40). 2-суреттегі АБЖД есебі айтылды. Соған қосымша бірер мағлұмат. Мынау өрнекті қарайық: $290 \times 20 + 195 = 5995$.

Мұнда АБЖД есебі екі мүшеден құралған: 290, 195. Осы екі санның екеуі де 19-сүре тұр. Оның бір Марнам=290 مریم, екіншісі оның жеке әріптік белгісі мұқаттағат Книғс=195 كهيفس. Мұнда бір терең нишарат бар, ойласу керек. Мариам ұлы Гиса өзінің ұстаздарын АБЖД есебіне үйреткен дейді, пайғамбарлар тарихында. Демек мұнда бір уахи бар деп білу керек. Айта кетелік Құранда жұмбақпен берілген «Қаф» (Қ= ق) сүресінің бас санат жиыны: $50 + 100 + 45 = 195$.

Сонымен қатар найзағай, аспан тасы, жай тасы деген түсінікті беретін екі сүре 13-Найзағай (الراعات) (Ал-рағад), 15-тас(الجير) (Ал-Хижир).

Осылардың көбейтіндісі болады - $13 \times 15 = 195$ ойласу керек.

Соған байланысты тағы бір тамаша өрнек: $2605 + 113 \times 30 = 2605 + 678 \times 5 = 5995$. Жұлдызды аспанның ғажайып құрылысына серт деген екі аяттың сандық мәні болады 2605 (59-сүре, 75+76-аят). 113-құрылыс, буниан=بنیان немесе тибәки (حاليقا), онан Абай саны $113 \times 6 = 678$.

Осылардан келіп ғалами АБЖД саны шығады. Ойлап қараңыз? Тексеріңіз! 2-суреттегі басқа қосымша мағлұматтарды оқушы өзі қарастыра берер.

Енді жоғарыдағы айтылған мағлұматтардың, қағидалардың

негіздері дүниені құраушы химиялық заттарда қалай орын алған, соған келейік.

Соған арнап **5-сурет** - кесте жасалды. Онда жеті топқа бөлінген химиялық элементтердің бастапқы және ақырғы жолдары және кейбір керекті заттар құрылысы көрсетілген:

1) 1-2, 2) 3-10, 3) 11-18, 4) 19-26-29-36, 5) 37-54, 6) 55-58-66-70-79-86, 7) 87-90-91-92-102-104.

АТОМДАРДА ЭЛЕКТРОНДАР ОРНАЛУСЫ							
Z	Белгі	s-L	p-M	d-N	f-O	g-P	g-Q
1	H	1s					
2	He	2s2p					
3	Li	2s2p	3s				
4	Be	2s2p	3s				
5	B	2s2p	3s	3p			
6	C	2s2p	3s	3p			
7	N	2s2p	3s	3p			
8	O	2s2p	3s	3p			
9	F	2s2p	3s	3p			
10	Ne	2s2p	3s	3p			
11	Na	2s2p	3s	3p	4s		
12	Mg	2s2p	3s	3p	4s		
13	Al	2s2p	3s	3p	4s	3d	
14	Si	2s2p	3s	3p	4s	3d	
15	P	2s2p	3s	3p	4s	3d	
16	S	2s2p	3s	3p	4s	3d	
17	Cl	2s2p	3s	3p	4s	3d	
18	Ar	2s2p	3s	3p	4s	3d	
19	K	2s2p	3s	3p	4s	3d	5s
20	Ca	2s2p	3s	3p	4s	3d	5s
21	Sc	2s2p	3s	3p	4s	3d	5s
22	Ti	2s2p	3s	3p	4s	3d	5s
23	V	2s2p	3s	3p	4s	3d	5s
24	Cr	2s2p	3s	3p	4s	3d	5s
25	Mn	2s2p	3s	3p	4s	3d	5s
26	Fe	2s2p	3s	3p	4s	3d	5s
27	Co	2s2p	3s	3p	4s	3d	5s
28	Ni	2s2p	3s	3p	4s	3d	5s
29	Cu	2s2p	3s	3p	4s	3d	5s
30	Zn	2s2p	3s	3p	4s	3d	5s
31	Ga	2s2p	3s	3p	4s	3d	5s
32	Ge	2s2p	3s	3p	4s	3d	5s
33	As	2s2p	3s	3p	4s	3d	5s
34	Se	2s2p	3s	3p	4s	3d	5s
35	Br	2s2p	3s	3p	4s	3d	5s
36	Kr	2s2p	3s	3p	4s	3d	5s
37	Rb	2s2p	3s	3p	4s	3d	5s
38	Sr	2s2p	3s	3p	4s	3d	5s
39	Y	2s2p	3s	3p	4s	3d	5s
40	Zr	2s2p	3s	3p	4s	3d	5s
41	Nb	2s2p	3s	3p	4s	3d	5s
42	Mo	2s2p	3s	3p	4s	3d	5s
43	Tc	2s2p	3s	3p	4s	3d	5s
44	Ru	2s2p	3s	3p	4s	3d	5s
45	Rh	2s2p	3s	3p	4s	3d	5s
46	Pd	2s2p	3s	3p	4s	3d	5s
47	Ag	2s2p	3s	3p	4s	3d	5s
48	Cd	2s2p	3s	3p	4s	3d	5s
49	In	2s2p	3s	3p	4s	3d	5s
50	Sn	2s2p	3s	3p	4s	3d	5s
51	Sb	2s2p	3s	3p	4s	3d	5s
52	Te	2s2p	3s	3p	4s	3d	5s
53	I	2s2p	3s	3p	4s	3d	5s
54	Xe	2s2p	3s	3p	4s	3d	5s
55	Ba	2s2p	3s	3p	4s	3d	5s
56	La	2s2p	3s	3p	4s	3d	5s
57	Ce	2s2p	3s	3p	4s	3d	5s
58	Pr	2s2p	3s	3p	4s	3d	5s
59	Nd	2s2p	3s	3p	4s	3d	5s
60	Pm	2s2p	3s	3p	4s	3d	5s
61	Sm	2s2p	3s	3p	4s	3d	5s
62	Eu	2s2p	3s	3p	4s	3d	5s
63	Gd	2s2p	3s	3p	4s	3d	5s
64	Tb	2s2p	3s	3p	4s	3d	5s
65	Dy	2s2p	3s	3p	4s	3d	5s
66	Ho	2s2p	3s	3p	4s	3d	5s
67	Er	2s2p	3s	3p	4s	3d	5s
68	Tm	2s2p	3s	3p	4s	3d	5s
69	Yb	2s2p	3s	3p	4s	3d	5s
70	Lu	2s2p	3s	3p	4s	3d	5s
71	Hf	2s2p	3s	3p	4s	3d	5s
72	Ta	2s2p	3s	3p	4s	3d	5s
73	W	2s2p	3s	3p	4s	3d	5s
74	Re	2s2p	3s	3p	4s	3d	5s
75	Os	2s2p	3s	3p	4s	3d	5s
76	Ir	2s2p	3s	3p	4s	3d	5s
77	Pt	2s2p	3s	3p	4s	3d	5s
78	Au	2s2p	3s	3p	4s	3d	5s
79	Hg	2s2p	3s	3p	4s	3d	5s
80	Tl	2s2p	3s	3p	4s	3d	5s
81	Pb	2s2p	3s	3p	4s	3d	5s
82	Bi	2s2p	3s	3p	4s	3d	5s
83	Po	2s2p	3s	3p	4s	3d	5s
84	At	2s2p	3s	3p	4s	3d	5s
85	Rn	2s2p	3s	3p	4s	3d	5s
86	Fr	2s2p	3s	3p	4s	3d	5s
87	Ra	2s2p	3s	3p	4s	3d	5s
88	Ac	2s2p	3s	3p	4s	3d	5s
89	Th	2s2p	3s	3p	4s	3d	5s
90	Pa	2s2p	3s	3p	4s	3d	5s
91	U	2s2p	3s	3p	4s	3d	5s
92	Np	2s2p	3s	3p	4s	3d	5s
93	Pu	2s2p	3s	3p	4s	3d	5s
94	Am	2s2p	3s	3p	4s	3d	5s
95	Cm	2s2p	3s	3p	4s	3d	5s
96	Bk	2s2p	3s	3p	4s	3d	5s
97	Cf	2s2p	3s	3p	4s	3d	5s
98	Es	2s2p	3s	3p	4s	3d	5s
99	Fm	2s2p	3s	3p	4s	3d	5s
100	Mendelevium	2s2p	3s	3p	4s	3d	5s
101	Nobelium	2s2p	3s	3p	4s	3d	5s
102	Livermorium	2s2p	3s	3p	4s	3d	5s
103	Tennessine	2s2p	3s	3p	4s	3d	5s
104	Oganesson	2s2p	3s	3p	4s	3d	5s

5-сурет

Бұлардың әрқайсысындағы электрондық қабаттармен (K, L, M, N, O, P, Q) қабатшаларындағы (s, p, d, f) электрон сандары берілген. Олардың химиялық қосылыстардағы электрондары алмасатындары үзінді сызықшалармен көрсетілген. Олар (3-4), (4-5) және (5-6) топтарда кездеседі.

Кестені бақылап қарасаңыз екі санның ерекше құрылыстық берік - тұрақты басым орын алатыны айқын көрініп тұр. Олар: S=2, p=6.

Атомдардың қасиеті олардың сыртындағы қабатшаларындағы электрон сандарына, яғни валенттік электрон сандарына байланысты. Соған сәйкес біз бір әдіс ұсындық. Сол әдіс бойынша барлық химиялық элементтерді қайта қарап шықтық. Ондағы қол жеткен бір табысымыз - темірдің ерекше орталық орын алатыны анықталды. Ол мәселе біздің «Ай арыстан» (1996, РБК) кітапта қаралған. Бұл арада мысалы ретінде темір атомының тұсына оның өрнегін қойдық. Ол мынау: $3d64s2$ темірдің өзгермелі электрон құрылысы. Оны былай есептейміз: $M\theta=3 \times 6 + 4 \times 2 = 18 + 8 = 26$.

Мұның аты өзгермелі электрондардың айналыс қуатын айыру. Онан кейін сол атомның жалпы электрон санымен оны салыстыру. Айтайық олардың айырмасын табу: яғни $M\theta - Z = N$.

Осы өрнекті темірге қолдансақ, онан шығады: $M\theta - 26 = 26 - 26 = 0$. Демек, темірдің өзгеше беріктігі осында. Осы әдіс бойынша барлық химиялық тектердің қарастыратын болса айтылған нөл бес элементке келеді. Олар мыналар сутек $H=1$, 2 - гелий (He), Берилий (Be=4), фосфор (P=15) және темір (Fe=26). Басқа элементтер қосу, алу белгісі бойынша екіге бөлінеді екен. Айтылған темір біліктің асты-үстіне жақын өтетіндер: 48-49, 70-71, 103-104. Сонымен алты топтың аралары тұрақты сан болып шығады:

$$15 \pm 11 = \begin{cases} 26 \\ 4 \end{cases}, 48 - 26 = 22, 103 - 70 = 33.$$

Химиялық элементтердің екі мен алты сандық тұрақты заңын ($S=2$, $p=6$) америка ғалымы көрнекі түрге келтірген. Біз оны 5-суреттің астында көрсеттік. Ондағы мақсатымыз бұл – заңның барлық ғалымға ортақ екенін аңдату.

Ал, қазір химиялық кестенің тағы бір үлгісіне тоқтаймыз. Ол 6-суретте. Оны хабар немесе сандар шұғыласы атадық. Оның себебі 78-сүре аты Құранда ал-Наба (хабар) деген сөз. Екінші жағынан араб тілінде сан = ғадд = ع , оның сандық мағынасы 78. осы санның өзгеше - хабаршы мағынасы байқалды. Мысалы Ал-Наба (хабар) саны $31 + 53 = 84$. Мұндағы 53 - жұлдыз саны, Ахмад саны екені есте болсын. Сонымен қатар

$$84 \pm 48 = \begin{cases} 132 - \text{қайталама сан 7 рет хм} \\ 36 - \text{шенбер саны} \end{cases}$$

Онан шығады: $78 \times 28 = 84 \times 26 = 2184$.

Мұнда, 348 – шұғыла саны = محرق

Хабар санат санның (78) ерекше мағынасы кейін космологиялық – ғалами есепте айтылады. Өйткені арабша жыл басы Хамал (қазақша Қозы Көрпеш мағынасында) сандық мағынасы болады: $78 = \text{حمل}$. Сонымен байланысты Абай санын былай жазуға болады: $113 \times 6 = 600 + 78 = 678$ немесе

$$678 + 78 = 756 = 108 \times 7.$$

Мұнда - 113 - бұннан - بڤيان , немесе حطباقا құрылыс, қорған мағынасында.

Сонымен қатар былай да жазамыз: $40 + 19 \times 2 = 40 + 38 = 78$.

40 - қырық - пайғамбар саны, 38 = 19×2 , олда бас баты (47 – сүренің аят саны). Қырық арабша Арбағұн = 329 = اربغون, яғни сандық мәні ал-рахман – қамқоршысы Раббым есімі.

«Әл-Фараби» кітабынан бір ауыз өлең: Сан берген, Сана берген, Сапат берген. Инсан деп саналыға ол ат берген. Жаратып жалғыз саннан барша әлемді, жұлдызын шамшырақ ет, тарат деген. Сан мағынасын, хабар мағынасын осы мағынада түсіну керек. Ол Нұрдың саны.

Бұл мәселеге кейін оралатынымыз айтылды. Енді 4-суреттегі екі сызыққа келейік. Оның Нұр шұғыла: Өрнегі:

$$(230 + 214)6 + 29 \times 12 = 444 \times 6 + 348 = 3012 = 251 \times 12$$

251 – Зумруд асыл тас аты زؤمؤرد = 25.

Онан шығады: $3012 \pm 2916 = \begin{cases} 5928 = 247 \times 24 \\ 96 = 48 \times 2 \end{cases}$

Мұнда $2916 = 542$, 247 - Маруа (тау), Ажар анаға хабар. 48 – қайталаған сан, 96 - сүреде бірінші хабар - уақи келген Хыр тауында.

4-суреттің оң жағында химия кестелерінен белгілі бір топ элемент. Оны біздің келтіру мақсатымыз ол айтылған темір хадид (26) саны мен хабар сапат (78) сандарымен шектелген еселес $78:26=3$. Соған байланысты ұя саны $32=9$.

Демек бұл, ғажайып шаршы үлгісі. Келтірілген сандардың түрін қараңыз. Ең берік екі асыл тек метал арасында (хадид = платина) олардың кенерлері қыстырылған.

Онан шығатын өрнекті қараңыз:

Кестедегі басқа сандарда толық мағынамен келіп қабысқан. Мысалы, ортада шеңбер санның орталығы $45 \times 8 = 360$. Оң шекеде әріп саны, жетілік шаршы – $7 \times 4 = 28$. Элемент болса ол ауаның басым көпшілігі – азоттың төрт есесі - гемоглобиннің темір өзегінен айналады.

27 айтылды ($162 = 27 \times 6$). $2(44) = 62 + 26$; $46 \times 2 = 92$, $76 = 19 \times 4$, $77 = 7 \times 11$ Ай саны.

Бұл суреттегі қалған сандар келесі 5-суретте айтылады.


ЖҰЛДЫЗДЫ АСПАН ҚҰРЫЛЫСЫ

Жұлдызды аспан құрылысының мұғжиза ғажабын қамтуға адам ақылы жетпейді. Біз тек өзімізге өлшеніп берілген ишарат үлгіні түсінсек, соның өзі қанағат, жетіп жатыр. Осы мәселеге арналған 7-суретті біз Құран аятынан алынған аят түсінігі бойынша атадық. Яғни Жеті қат көкте, Жерде Тәңіріне таспық айтады. Оның арабша Нұсқасы сурет - шеңбер астында:

17-сүре, 44-аят. (Жеті көк және Жер, ондағы болғандар, Алланы пәктейді... Бірақ сендер олардың тәсбихтарын (пәктеулерін) түсіне алмайсыңдар...)

7-суретте осы түсініктің ғалами көрінісін беруге тырыстық. Ол үшін айтылып келген он екі ай – жыл (мүшел) аттарын белгілейтін жұлдыздар топтарының орындарын және онын ішінде жеті қат көктердің орындарын білу керек. 7-суретте соларды сандық (реттік-санаттық) белгілерімен көрсеттік. Ол үшін үлкен шеңберді он екі бөліп, содан кішкене шеңбер сызып, соның ішіне ай ретін Мүшел - жыл қойдық: (1) - Хамал (Тышқан), (2) - Сауыр (Сиыр) тағы басқалары (кестені қараңыз). Сол кішкене шеңбердің ішкі жағына жазылған сандар, сол Айға - Мүшелге сәйкес келетін жеті қат көктің рет сандары (санаттары). Мысалы айтылған жыл басының белгісінің ішкі жағында 5 саны тұр. Ол бесінші қат Көк - Арай (Марс) санаты, одан кейінгі екінші мүшелде 3 саны тұр. Ол Сәуірдің (Сиырдың) Көгі - үшінші аспан Шолпан т.б.

Онан кейін еске алатын нәрсе үлкен шеңбер ішіне сызылған шаршы. Ол жұлдыз шаршы (53 – сүресі Ал-Нужым жұлдыз) бойынша алынған. Сол шаршының ортасында Айдың және Күннің орындары көрсетілген (Құрандағы сүрелер санаты бойынша): 54



7-сурет

- Ал Қамар (Ай), 91 - Ал-Шамсы (Күн). Шенбер ішіне олардың да шаршыларын сызуға болады. Сол, үш шаршымен он екі мүшел толмақ: $4 \times 3 = 12$.

Енді бір керекті белгі айтылған шаршы ішіне әрбір көктің өз тұсына сол көктердің металдарының сандарын жаздық. Олар мыналар: 1- Ай - Күміс=47; 2 - Айқыз - Сынап=80; 3 - Шолпан - Қалайы=50; 7 - Санжар - Қорғасын=82.

Олардың жиыны болады: $47+80+29+79+26+50+82=393$.

Көк те, Жер де қатар тасық етеді. Екіге еселейміз, болады: $393 \times 2 = 786$.

Демек, бас бата саны. Аспан мен Жердің Тәңіріне зікір еткен тасбиғы осы мағынада деп.

Бұл тамаша дәлелде біз өз жанымыздан қосқан нәрсе жоқ деуге болады. Өйткені заттардың аспандық орындары ертеден

келе жатқан нәрсе олардың иесін тануы Құран аятында берілген. Жұлдызды аспанның орналасу қалпы Тәңірінің жаратқан ғажап дүниесі. Металдардың сандық-санаттық-электрондық есебі қазіргі ғылымның дәлді табысы. Салыстыру әдісі ежелгі АБЖД есебі бойынша. Соның бәрі келіп осылай қабысуы Тәңірінің білдірген хабары деп білу керек.

Бұл есепті мен бірнеше жылдар бұрын шығарған едім. Оның кең түрде жариялануы «Әл-Фараби және Абай» кітабында. Бұл жөнінде басқа елдердің, басқа жерлердің ғалымдарында нендей мағлұмат бар екені маған белгісіз. Айтылған кітапты оқушылардан да бұл жөнінде ашық хабарым жоқ. Менің ойымша бұл өзі иманның бір мықты тірегі боларлық зат. Сонымен қатар бұл мәселенің ғылыми ойға да беретіні зор деп білемін. Оның бір ұшығы айтылған Жұлдыз шаршыда.

Жұлдыз шаршының төрт бұрышындағы сандар (жұлдыз санаттары) айтылған басқа бес тектің негізгі екі сандарына дәл келеді (яғни 2,6).

Олар: $3) + 2; 6) + 2; 9) + 6; 12) + 6$.

Көрнекті ету үшін оларды басқа бұрыштардан ірілеу жаздық.

Осы сандарды көрнекі түрде салыстыру үшін шенбер астына айтылған басқа бес тек бейнелерін қойдық. Оның астынан химиялық элементтердің электрондық құрылысын келтірдік. Кейінгі екеуінің арасына олардың байланыс сандарын кішкене шаршы ретінде көрсеттік.

Осы салыстырма бойынша оттегі (14) (төрт үшкіл жақ) химиялық алтыншы топта (32-электрондық топта). Жұлдыз тек (62) (он екі бескүл жақ) бесінші және алтыншы топтағы элементтер жапсарында ($18+32$ электрондық аралықта), (яғни $18+32=50$). Сутек - 62 (жиырма үшкіл жақ). Сол секілді төртінші және бесінші топтар жапсарында ($18+18=36$). Жел тек (26) - (сегіз үшкіл жақ) үшінші топтар (8). Жер тек (26) (алты шаршы жақ) екінші топта (8).

Жалпы жұбайлық-екілік, барлығының екі басында $S=2$. Осы көрнекі салыстырудың өзіне талай мағлұмат алуға болады. Оның басқа да салыстыру, қатынас түрлері, әрине, толып жатыр. Мұндағы көңілге мықтап түйетін нәрсе Тәңірімнің жаратқан ғаламында қандай ғажайып сәйкестік бар екенін аңғару. Атомнан, электроннан бастап бүкіл ғалам, жұлдызды аспан ғылыми дәлді есеп өлшемдерге тұрақтаған. Бұл түсініктерге біз қазір келіп отырған болсақ, оның терең мазмұны құранда берілген. «Ал енді жұлдыздардың орын-

дарына серт етемін (75). Егер білсеңдер ол, зор серт» (56-сүре, 75-76-аят). Осы екі аяттың арабша бас нұсқасын бұрын да келтірген едік. Соны осы 5-суреттің ортасына беріп отырмыз. Өйткені оның негізгі бір мағынасы осы суреттен айқын болады дегенді ескерту. Сол аяттардың сандық мәнін алып, оны басқа мағлұматтармен салыстырып қаралық.

فلا أقسم بغزوات النجوم 75 وإنه لقسّم لو تعلمون عظيم 76

$$6+56+230+36+596+1020=1944$$

